



9 мамыр – Жеңіс күні

ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ

ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ

www.kostanaytany.kz



1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

e-mail: kostanaytany@mail.ru

6 мамыр 2016 ж.

жұма

№49(18411)

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ



Бәрежелді, Балтабай ата!

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Ұлы Отан соғысының ардагері Балтабай Қазыұлы үшін бүгінгі заманның әрбір атқан таңы – жеңіспен пара-пар. Жасы он сегізге де

толмай жатып әскерге алынған жас ұлан Екінші Украина майданындағы 68-ші гвардиялық дивизияның 20-шы атқыштар полкында жауға қарсы оқ атты. Қатардағы автоматшы болып алғашқы шабуылға кірген шайқаста взводта ұшақ адам тірі қалған екен. Жауынгер бұдан кейін

де мұндай қауіпті кездерді басынан аз көшірмейті.

СУРЕТТЕ: Ұлы Отан соғысының ардагері Балтабай Қазыұлы отбасымен бірге. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



Н.Назарбаев Жер туралы кодекстің 4 нормасына мораторий жариялады

АСТАНА. ҚазАқпарат – Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен кеңесте Президент «Жер туралы кодекске» енгізілген өзгерістерге мораторий жариялады.

«Мен бүгін шешім қабылдаймын. Жер кодек-



сінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормалары, нақты айтқанда былтырғы енгізген 4 норманы күшіне енгізуге ендігі жылға дейін мораторий жариялаймын. Алдымен егжей-тегжейін қарап, халыққа түсіндіріп, Парламентпен бірге шешіп, келісімге келетін болсаңдар, морато-

рийді аламыз, болмаса, түсірмейміз», – деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Айта кетейік, кеңеске Парламент палаталарының төрағалары, Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің басшысы, Үкімет мүшелері мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

● 9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІ

Құрметті қостанайлықтар!



Жыл сайын 9 мамыр – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жеңіс күнін ерекше құрметпен атап өтеміз.

Тарихи күн жалпы адамзаттың тағдырын шешуде үлкен маңызға ие болды. Біздің әкелеріміз бен аталарымыз фашизммен күресте жанқиярлық танытып, өскелең ұрпақтың жарқын болашағы мен аспанының ашықтығы үшін қан төкті.

Халықтың майдандағы және еңбектегі ерліктері біздің жадымызда мәңгіге сақталады және Отанына қалтқысыз қызмет етудің жарқын көрінісі есебінде өскелең ұрпақтың санасына сіңеріне кәміл сенімдімін. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің облысымыз еңбек майданына айналып, өңіріміздің халық шаруашылығы қысқа мерзімде күш алды.

Қазіргі қазақстандық жас толқынның ата буын өкілдері бастап кеткен істі жалғастырып, тұрақты әрі дамушы мықты мемлекетті қалыптастыруы – Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері ерліктерінің зая кетпегенінің айқын көрінісі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жолында ұрпақ сабақтастығының сақталуына ерекше көңіл бөлуде.

Отанымызға қалтқысыз қызмет етіп, еліміздің тұтастығын сақтаған ардагерлеріміз бен еңбек ерлеріне деген құрметіміз ерекше.

Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт пен береке тілеймін! Жеңіс мерекесі құтты болсын!

Қостанай облысының әкімі
Архимед МҰХАМБЕТОВ.



"Айналдым,
еркін елімнен!"



Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қаласында осындай атаумен Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Қостанай облысының 80 жылдығына арналған XXX-шы облыстық халық шығармашылығы көркемөнерпаздары фестивалі өтті. Қазылар алқасының төрағасы ҚР Мәдениет қайраткері, Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның директоры Александр Евсюков.

Қазылардың облыстық құрамы алдында Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жанынан құрылған қазақ ұлт-аспаптар оркестрі (жетекшісі ҚР Мәдениет қайраткері Борах Әбенев), Камералық хор ұжымы (жетекшісі Динара Қауметова), қалалық Мәдениет сарайының жанынан құрылған "Ақбота" халық-би ансамблі (жетекшісі Қымбат Қанашова), "Қазына" ардагерлер хоры (дирижері Әмина Сарманова), "Инжу-Маржан" тобы (жетекшісі Қарлығаш Жақыпбекова) және жекелеген өнерпаздар өнерлерін паш етті.

Әділқазылар алқасының жақсы бағалауына ие болған өнер ұжымдары мен жеке орындаушылар алда өтетін облыстық байқауда бақтарын сынайтын болады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: фестивальден көрініс.
Суретті түсірген автор.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қостанайлықтар,
Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен
тыл еңбеккерлері!



Құрметті
қостанайлықтар!

Жеңіс күнімен құттықтауымызды шын жүректен қабыл алыңыздар. Осы мереке халқымыздың батырлығының, қайтпас қайратының, мызғымас рухының нышаны секілді. Оның бағасы – Ұлы Жеңіс. Сондықтан да ерліктері еліміздің жадында қалады.

Қадірлі ардагерлер, Сіздерге мың тағзым! Зор денсаулық тілейміз. Қашанда туған-туыстардың құрметіне, қамқорлығына бөленіңіздер. Елімізге амандық, тыныштық, құт-береке тілейміз!

Қостанай облысы бойынша
іскер әйелдер қауымдастығы.

Облыстық ардагерлер кеңесінің атынан сіздерді ұлы мереке – Жеңіс Күнімен құттықтаймын!

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің құны өлшеусіз. Ол кеңес әскерінің өр рухы мен қайтпас қайсарлығы және тыл еңбеккерлерінің жан-кештілігінің арқасында келді. Осы бүкілхалықтық ерлік даңқы келешек ұрпақтың есінде қаһармандықтың куәсі болып, өз өмірін аямай тәуелсіздік пен бостандық үшін күрескен ата-бабасының батырлығы ретінде сақталып қалмақ.

Отан алдында қайталанбас ерлік жасаған ардагерлерге құрмет көрсету – әр азаматтың міндеті. Құрметпен қатар тарихи құндылықтарды сақтауымыз қажет.

Жеңіс күні бүгіндері бізді біріктіріп, әрқайсымызды өз Отанымызбен мақтануға мүмкіндік сыйлайды. Достығы жарасқан көп ұлтты мемлекетіміз үшін игі істер жасауға шабыттандырады.

Құрметті ардагерлер, Сіздердің қайсар мінездеріңіз бен ерліктеріңіз үшін, Ұлы Жеңіс үшін алғыс айтып, бас иеміз!

Шын жүректен зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан тілеймін!
Кенжебек ҮКІҰЛЫ,

облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Құрметті қостанайлықтар!

Қадірлі соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Отан қорғаушылар! Сіздерді Ұлы Жеңіс мерекесімен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күні біз Қарулы күштер ардагерлері мен сапта жүрген сарбаздарымызға құрмет көрсетеміз. Себебі мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар қандай марапатқа болса да лайықты. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді.



Бұл – күнтізбенің атаулы күндері арасында ерекше орын алатын ұлы күн! Ұмытылмас ерен ерлік туралы қасиетті естелік барлық қазақстандықтарды біріктіреді. Жеңіс күні біз бейбітшілік үшін майдан даласында, тылда аянбай ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың алдында бас иеміз.

Осы мереке күні зор денсаулық, баянды бақыт, еңбекте жеміс, ырыс-береке тілеймін! Елімізде бейбітшілік мәңгі болсын! Отанымыз көркейе берсін!

Құрметпен, Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы
С.ЕЩАНОВ.

Бәрекелді, Балтабай ата!

1-бет Балтабай қатарлы жау-жүрекердің арқасында Дарницы қаласы, Букрин және Лютех плацдармдары, Украина астанасы фашистер қолынан босады. 1943 жылдың қараша айында Кеңес әскері Киев шаһарын жаудың 15 дивизиясынан тазалады.

Жауынгер ақсақал небір кескілескен ұрыстарға қатысып, көрсеткен сан мәрте ерлігі үшін "Қызыл Ту" орденін кеудесіне тақты. Кейін Житомир, Дрогобыч, Львов, Моршин қалаларын жаудан тазарту ұрыстарынан соң екінші мәрте "Қызыл Ту" орденімен марапатталды. "Отан соғысы", "Жауынгерлік ерлігі үшін", "Ерлігі үшін" медальдарын төсіне

қадады. 1944 жылы кезекті үлкен шайқастардың бірінде жауынгер Балтабай ауыр жараланып, ұзақ емделгеннен кейін елге оралды.

Жасы торқалы тоқсаннан асқан ақсақал бейбіт күнде еліміздің ауыл шаруашылық саласында аянбай еңбек етті. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендері, "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталды. Майдангер ел ішінде көптеген игі бастамаларға себепкер болғанын ел біледі.

Осыдан бірнеше жыл бұрын қажылық парызын өтеп келген атамыз 2013 жылы "Құрметті қажы" атағына ие болып, алтын төсбелгі тақты. Бүгінде Балтабай ақсақал мен Зағиша апамыз бала-шаға, немере-шөбере сүйіп

отырған қадірлі жандар.

Қарт жауынгер биылғы Ұлы Жеңістің 71 жылдығын тік жүріп қарсы алатын денсаулығы бар. Әлі тың. Денсаулығының арқасында кейінгі жылдары "Өнегелі ғұмыр", "Орындалған арман" деген атаулармен кітаптар жазып шықты. Ал биыл Балтабай ақсақалдың "90-ға ризамын" деген атаумен тағы бір кітабы жарық көрді. Ол кітаптарда өмірден көрген-түйгендері жайында біраз мәліметтер бар. Өмірден көрген-түйгендері мен әр халықтың даналық ойларын, адамның жасы мен денсаулығына қатысты біраз білгендерін жазған. Әр жылдары баспасөз беттеріне шыққан мақалаларын да топтастырыпты.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Өндіріс көлемі ұлғаяды

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Алты ай үзілістен кейін Қытайға темір кенін жөнелту қайта қалпына келді. Бұл туралы облыстың экономикалық хәм әлеуметтік дамуының бірінші тоқсан қорытындысына арналған кеңесте облыс әкімінің орынбасары Роза Кемалова хабарлады. Оның сөзінше, бірінші тоқсанда аспан асты еліне жиырма үш мың тоннадан астам темір кенінің концентраттары жөнелтілген. Үстіміздегі жылдың екінші тоқсанында бұл көрсет-

кішті ұлғайту жоспарланған.

Жалпы, 2016 жылдың алғашқы тоқсанында кейбір өнеркәсіп өнімдерінің көлемі артқаны байқалады. Мерзімді кезеңде облыс кәсіпорындары барлығы 121 млрд.теңгенің өнімдері өндірілген. Алайда, кейбір саланың көрсеткіштері әлі де болса төмен. Бұған әлемдегі шикізат өнімдеріне сұраныстың азайғаны және бағаның құлдырауы себеп.

– Мәселен, темір жентектері екі есе, темір кенінің концентраттары 30%-ға, ал темір кенін өндіру 36%-ға, құрамында алтыны бар кен шығару 21%-ға

азайған, – деді Роза Кемалова.

Осыған қарамастан, облыстың экономикалық жағдайы тұрақты. Биылғы жылдың екінші жартысында "ССКӨБ" АҚ Қытайға тасымалданатын темір кенінің көлемін 350 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Ал, Теміртау мен Ресейдің Магнитогорск қалаларына шикізат жеткізу былтырғы жылғы көрсеткіштен асар емес.

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов бұл салада сала басшыларына нақты міндеттер жүктеп, жұмысты одан әрі жандандыра түсу қажеттігін атап өтті.

Жүгінулерді қабылдау сервисінің Қостанай облысы әкімінің блогынан Электронды Үкімет порталының "Ашық диалог" порталына ауыстырылуы жөніндегі АҚПАРАТ

Қостанай облысы тұрғындарының назарына! "Ақпаратқа қолжетімділік туралы" Қазақстан Республикасының заңын жүзеге асыру мақсатында, 2016 жылдың 10 мамырынан бастап Қостанай облысының әкімі А.Б.Мұхамбетовтың блогындағы жүгінулерді қабылдау "электронды қабылдау" веб-порталындағы мемлекеттік органдар бірінші басшыларының ресми blogs.egov.kz блог-тұғырнамасында жүргізілетін болады.

Электронды үкіметтің веб-порталына тіркелу үшін тұтынушылар ұялы байланыс телефон нөмірін енгізуі тиіс, ол бір рет енгізу (тіркеу бары-

сында) электронды-сандық қолтаңбамен куәлендірілады.

Электронды-сандық қолтаңбаны "электронды үкімет" порталынан өз еркіңізбен аласыз, немесе, халыққа қызмет көрсету орталықтарында 5-10 минуттың ішінде алуыңызға болады (өзіңізбен жеке басты куәлендіру құжаты мен электронды ақпарат сақтау құралы болуы тиіс).

Тіркеу және сервисті қолдануға қатысты сұрақтарды мемлекеттік органдардың бірегей байланыс орталығы телефоны 1414 немесе 8-800-080-7777 (қоңырау шалу тегін) хабарласуға болады.

● ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

Сотталғандарды жұмысқа тарту да өзекті мәселе

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Бүгінгі таңда облысымыздағы түзету мекемелерінде 1914 адам жазасын өтеуде. Олардың арасындағы еңбекке қабілеттілердің 60% жуығы ғана жұмыспен қамтылған. Көп жағдайда бас бостандығынан айырылғандардың тапқан табысы жеке басына емес, мемлекетке келген немесе жәбірленуші тараптың шығындарын өтеуден аспай жатады. Ал темір тордың ар жағында отырып-ақ, көсіп ашып, сотталғандарды да жұмыспен қамтып отырғандар бар екен. Бірақ мұндай жағдай некен-саяқ қана.

Облыстық прокуратурада өткен түрме реформасының шағын форумында түзету мекемелеріндегі осы және басқа да қордаланған мәселелер талқыға салынды. Аймақ әкімі Архимед Мұхамбетов қатысқан жиынға өңірдегі құқық қорғау, қылмыстық атқару жүйесі, заң органдарының басшылары, заңгер ғалымдар, БАҚ өкілдері шақырылды. Сонымен қатар, форумда көтерілген тақырып аудандық прокуратураларға да тікелей таратылып отырды. Бұған дейін Бас прокуратурада түзету мекемелеріне қатысты 3 форум өткізілген екен.

Біздің елімізде әр сотталушыға бір жылға жұмсалатын шығын 750 мың теңгені құрайды. Қазіргі уақытта экономикалық жағдайды ескере отырып, бас бостандығын шектеу немесе темір тордағы

жаза мерзімінің қалғанын айыппұлмен өтеп, мерзімінен бұрын босату көбейсе де, сотталушыларға қатысты сот актілерінің өндіріліп алынбаған сомасы 444 млн. теңгені құрап отыр. Бұған бірден-бір себеп – түзету мекемелерінде еңбекпен қамту бір жүйеге қойылмаған. Әйтпесе, сотталғандардың тең жартысы еңбекке жарамды дейді мамандар.

Қазір облыста түрлі деңгейдегі 6 түзету мекемесі бар. 1123 еңбекке жарамды сотталушының 627 немесе 55% жуығы жұмысқа тартылған. Оның сыртында шаруашылық қызметке 200, "Еңбек-Қостанай" кәсіпорнында 225, шағын және орта бизнес субъектілерінде 200-ден астам адам жұмыс істейді екен. Өткен жылы 735 жазасын өтеуші жұмысқа тартылған.

– Ең алдымен сот шешімі бойынша бөресегін өтеуге тиіс сотталушыларға жұмыс беріледі. Қазіргі таңда жұмыс істейтін жазасын өтеушілердің 80%-на қатысты талап-арыз бар болса, олардың талапақылары 472,7 млн. теңгені құрайды. Былтырғы жылы жұмысқа орналастырылған сотталушылардың еңбекақыларынан 24 млн. теңге талапақы өндіріліп алынды, – деді облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бастығы Тілеуберген Көнекбаев.

Қазіргі таңда Ресей түрмелерінде жылына 700 млн. АҚШ долларының өнімі шығарылады екен. Әрине, біздегі сотталушы-

лар мен олардың санын салыстыруға келмес, бірақ қылмыстық түзету мекемелерінің құрылымын еңбекпен түзеу мекемелері деп өзгерту қажет. Заң ғылымдарының докторы Болатбек Шынарбаевтың пікірі осындай. Ғалым бұдан бөлек, түрме реформасына мемлекеттік-жекеменшік серіктестік енгізу туралы ұсыныс та айтты.

Бүгінгі күні түрмеден босап шыққандарды еңбекпен қамтып қана қоймай, оларды қоғамға бейімдеу өзекті мәселе болып тұр. Мамандар еліміздің бірқатар аймақтарында оңалту орталықтарының бар екенін, осындай нысанды біздің өңірімізге де салу қажеттігін жеткізді.

– Мұндай бейімдеу орталығы, әрине, қажет. Бірақ оны салу облысымыздың бюджетіне салмақ болары сөзсіз, – деді Архимед Мұхамбетов, – Қазіргі жағдайға байланысты жаңа ұсыныстар жасап, құрылыстар салуды шектеп отырмыз. Бірақ босап жатқан ғимараттар табылып жатса, көреміз. Ал мемлекеттік-жекеменшік серіктестік бойынша шағын бизнес жүргізуге қолайлы болады. Егер қолдарында құрал-жабдығы бар, бірақ жұмыс істейтін орны жоқтар болсақ, оларға барынша көмек беруге әзірміз.

Биыл облысымызда жүзден астам адам бостандыққа шығады деп күтіліп отыр екен. Аймақ басшысы оларды жұмыспен қамтуды үйлестіру қажеттігін де айтты.

Тобыл - Торғай тынысы

Қазба байлықтары сатылады

Облыста. Елімізде пайдалы жер қазбалары аукционының екінші сатысы басталды. 16 маусымда өтетін саудаға қазба байлықтары анықталған 101 жер телімі салынады. Оның 6-ы Қостанай облысына тиесілі. Жер телімдерінің 2 – темір рудасы, 2 – боксит, қалғандарында мыс қоспалары болуы тиіс. Былтырғы жылы ұйымдастырылған аукционда пайдалы қазбалары анықталған жер саудасынан 1,5 млрд теңге түскенін айта кеткен жөн.

Скринингтік тексеріс басталды

Қарабалық. "Денсаулық" бағдарламасы аясында әйелдерді скринингтік тексерістен өткізу басталды. Аудандық орталық емхананың хабарлауы бойынша, 29 сәуірге дейін 50,52,54,58,60 жастағы әйелдер маммографиялық тексеруден өткен. Ал 30 сәуірден бастап 11 мамырға дейін ауыл тұрғындарына кезек беріледі. Маммографиялық тексеру дегеніміз қатерлі ісікті ертерек диагностикалау, емдеу. Ал скринингтік тексеріс аурудан сақтану және оның алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Тазалық үшін күрес

Қостанай қ. Облыс орталығының тазалығын сақтау үшін ауқымды жоба қолға алынды. Қала әкімі Б. Жакыпов биыл ПКСК-лардың арасында үздіктерін анықтау мақсатында "Үздік ПКСК" байқауын жариялады. Ол 12 мамыр мен 15 қыркүйек аралығында өтеді. Жыл соңында өз міндетін жақсы атқарған кооперативке қомақты сыйлық берілімек.

Аудан жастарымен сенбілік өтті

Аманкелді. "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен "Түлдене бер, туған ел!" акциясы аясында сенбілік өтті. Сенбілікке аудан орталығындағы мекемелерде, мектептерде жұмыс істейтін жастар белсенді атсалысып, өздеріне тапсырылған орындарда тазалық жұмыстарын жүргізді. Шара барысында "Шұғыла" ЖБО және аудандық "Сатыбалды ишан" мешітінің алаңына жас көшеттер отырғызылды.

Ажал құштырған апат

Қамысты. Ауданда қайғылы жол-көлік оқиғасы тіркелді. Бестөбе ауылынан Адаев елді мекеніне бағыт алған "ВАЗ-21070" көлігінің жүргізуші рөлге ие бола алмай, жол шетіне аунап кеткен. Ауыр дене жаракатынан 33 жастағы жүргізуші оқиға орнында қаза табады. Көліктегі үш жолаушы түрлі деңгейдегі дене жаракатымен ауруханаға жеткізілген. Қазір аудандық ішкі істер бөлімі апаттың себебін анықтауда.

Артта – жүз шақырым

Рудный. Кеңес Одағының екі дүркін батыры, ұшқыш, даңқты жерлес Иван Павловқа арнап ұйымдастырылған "Қостанай-Борис-Романов" велошеруінде рудныйлық "Феникс" командасы алдарына жан салмады. Патриоттық акцияны облыстық білім басқармасы ұйымдастырған-ды. 50 шақырымды бағындыруға Қостанай, Лисаков, Рудный қалаларынан және Қостанай ауданынан 7 құрама, 25 адам қатысты. Кеншілер қаласының спортшылары межеленген қашықтықтан екі есе көп жер жүріп өтті.

Ардагерді ардақтады

Қостанай қ. Облыстың іскер әйелдер қауымдастығы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай бастау алған "25 қайырымды іс" акциясы аясында қаламыздағы 25 ардагердің үйіне барып, материалдық көмек көрсетіп, сый-сияпат жасауды қолға алды. Шара барысында ҰОС ардагері Александра Ефановаға ерекше құрмет көрсетілді. Ардагер де өзіне көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

● ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

Құрылысқа қосымша қаржы қажет

Әлібек ЫБЫРАЙ

Үстіміздегі жылы облыста құрылыс жұмыстары екі есеге дейін қысқарды. Мәселен, өткен жылы 250 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, биыл оның көлемі 162 мың шаршы метрге тең. Облыс әкімдігінде өткен кеңесте аймақ басшысы А.Мұхамбетов мұның тиімді тұстарын айтты.

– Өткен жылы облыс аудандары мен қалаларын аралағанда мен әр өңірдің шамасын байқадым. Соған сәйкес, биыл біз үй құрылысы жұмыстарын барынша қысқарттық. Яғни, өркім көрпесіне қарай көсілуі тиіс, – деп атап көрсетті Архимед Мұхамбетов.

Дегенмен, ол мемлекет көмегі мен сырттан қосымша қаржы тарту шараларын тиімді пайдалана отырып, құрылыс қарқы-

нын бәсеңдетпеуді тапсырды. Мәселен, Алтынсарин, Қамысты, Меңдіқара аудандары мен Рудный қаласында құрылыс жұмыстары екі есе төмендесе, Қарасу мен Қарабалық аудандарында үш есе, Қостанайда 30%-ға, ал, Аманкелді ауданында бірден төрт есе көміген.

Жалпы, үстіміздегі жылдың басынан бері 107 млрд.теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылыпты.

● КӨКТЕМ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Жағдай тұрақты бақылануы тиіс

**Айбек
КЕДІРҰЛЫ**

Биыл қыста жауған қардың диқандарға көп көмегі тигелі тұр. Шаруалар астық шығымы жаман бола қоймас дегенді айтады. Облыс диқандары үстіміздегі жылғы дала жұмыстарына дайын отыр. Қолдағы техниканың бәрі дерлік жөнделген.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетовтың айтуынша, ағымдағы жылы мемлекет тарапынан тұқым сатып алуға 450 млн.теңге субсидия берілген. Бүгінде осы қаржыға барлығы 5 млн.тонна сапалы тұқым алынды. Жағдай барлық ауданда бірдей емес. Мәселен, бірқатар аудандағы шаруашылықтар әлі күнге қозғалыссыз отырған көрінеді.

– Жерді мақсатты пайдалану

үшін, топырақтың құнарлылығын арттыруға 12 мың 600 тонна минералдық тыңайтқыштар алу жоспарланған. Әзірге, ауылшаруашылық кәсіпорындары тек сегіз мың тонна тыңайтқыштың қаржысын төледі, ал жеткізілгені алты мың тонна ғана. Аманкелді, Жанкелдин, Сарыкөл, Науырзым, Қамысты аудандары әлі қамқарекетсіз отыр, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары өз сөзінде.

Соған қарамастан, облыс ауылшаруашылық тауар өндірушілері көктемгі дала жұмыстарын бастап кетті. Бүгінде 1 млн. 870 мың гектар алқаптың ылғалы жабылды. Егістік бастарына 72 мың тонна тұқым әкелініп, 11 мың гектардың басым бөлігі өңделді.

Ғ.Нұрмұхамбетовтың сөзінше, солтүстіктегі төрт ауданның егістік алқаптары шылқыған су. Соған

қарағанда, бұл өңірде биыл науқандық жұмыстар тағы кешеуілдетіле ме деген қорқыныш та жоқ емес. Мәселен, Ұзынкөл ауданында 20 000 га, Сарыкөл ауданында 15 000 га, Қостанай ауданында 15 000 гектар алқабы суға малшынған. Бір ғана Федоров ауданының Камышин селолық округіне қарасты 3 000 гектар егістікке маңайлау мүмкін емес.

– Аудан әкімдері жағдайды анықтауы тиіс. Егер қажет болса, инвентаризация жүргізіп, тиісті шараларды қолға алғаны жөн, – деді Ғ.Нұрмұхамбетов.

Яғни, қандай жағдай туындамасын, егістік көлемін азайтпау керек. Сәйкесінше, парға қалдырылған жерлерді пайдаланған жөн. Оған арпа, сұлы, бір жылдық шөп төрізді жемдік дақылдар егу тиімді.

СОТ пен БАҚ ортақ кеңістікте қызмет етеді

**Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

Көпшілік арасында "сот жүйесі – жабық құрылым" деген пікір қалыптасқан. Халық сотты тек үкім шығарушы орган деп біржақты қабылдамау керек. Ол үшін сот орындарында бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысы бар баспасөз қызметі мамандарының біліктілігін арттырған жөн. Атап айтқанда, баспасөз қызметінде жұмыс істейтіндер арасында арнайы журналистік білімі бар мамандар жеткіліксіз. Төрелік жасау жүйесінің жұмысын құқықтық-нормативтік сауаттылығы жағынан ашық, жан-жақты жеткізгенде ғана жұртшылықтың фемидің деген сенімі де арта түспек.

Облыстық сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің басшылығымен өткен сот пен БАҚ өкілдерінің өзара ықпалдастығы жайында басқосуда осы және басқа да жариялылыққа қатысты пікірлер ортаға салынды. Жиынға аймақтағы соттардың жетекшілері, судьялар, заңгерлер, өңірімізге таралатын ақпарат құралдарының басшылары мен тілшілері шақырылды.

Бүгінгі таңда сот жүйесі БАҚ өкілдерімен ең етене байланысы бар органның бірі болып саналады. Тілшілер қауымы үшін кез келген қылмыстық істерді талдап, баспасөз бетіне жариялауға мүмкіндік бар. Судьялармен ашық әңгіме, еркін пікір алмасу да қолжетімді.

– Қазір ғаламтор арқылы соттың ашықтығына көз жеткізуге әркімнің мүмкіндігі бар. Сот органдарының қызметі жайында бейне материалдарды әлеуметтік желілердегі аккаунттардан көруге болады. Тек 2015 жылы БАҚ беттерінде сот жүйесіне қатысты 53 мыңнан астам мақала жарияланған екен. Осыдан-ақ отандық және шетелдік сарапшылардың өзі Қазақстандағы сот жүйесіне ашық әрі әділ деген баға беруде, – деді облыстық соттың судьясы Рысқұл Бекежанова.

"Қазконтент" АҚ-ның республиканың орталық мемлекеттік органдары арасында жүргізген рейтингі бойынша Қостанай облыстық сотының ресми сайты мақала жариялау саны жағынан 2014-2015 жылдары үздік деп танылған екен. Асламбек Мерғалиев осы жұмыстар журналистер қауымымен бірлесіп атқарған шаралардың нәтижесі екенін жеткізіп, бұдан кейін де БАҚ өкілдерімен тығыз байланыста болатынын айтты. Басқосу барысында тілшілер тарапы бірқатар ұсыныстар мен пікірлерді, кеңесшілер жайын ортаға салды. Облыстық сот төрағасы айтылғандардың барлығы ескеріліп, алдағы уақытта бұл жағынан тиісті шаралар қабылданатынын жеткізді.

Ақиқат пікірталаста туады

**Гүлназым
САФИТОВА**

Жастардың мемлекеттік қызметке деген көзқарасы қандай? Сыбайлас жемқорлық қоғамға қандай әсерін тигізеді? Осы және басқа сауалдарға облысымыздың әр өңірінен жиналаған пікірсайысшы жастар "Азамат – мемлекеттің бір бөлігі" атты облыстық пікірталас сайысы шеңберінде жауап іздеген болатын.

А.Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университетінде өткен осы іс-шара ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен өтті. Департамент басшысы Б.Беспаиновтың айтуынша, ақиқат пікірталаста туындайды. Облыс жастары арасында пікірталас қозғалысы кеңірек дамып келе жатқанына көз жеткізіп отырмыз. Пікірталас – ол келешекте жастар үшін маңызды рөл атқаратыны сөзсіз, өйткені студент жастар пікірталас алаңында шешендікке үйреніп, өз ойларын, ұсыныстарын ашық, жинақтап жеткізе алатын болса, нәтижесінде өмірде оң жолды таңдау мүмкіншілігі туындаған жағдайда дұрыс шешімге келетініне сенімді.

– Турнирдің негізгі мақсаты – жастар арасында еліне, халқына деген патриоттық сезімді оятып, сыбайлас жемқорлықтың қандай да бір көріністерін болдыртпау ұстанымына адал болу. Сол секілді келешекте турниріміз дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады деген сенімдеміз, сонда тек облысымыздың талантты жастары ғана емес, еліміздің әр аймағының жастары да қатысатын болмақ, – деді ҚР Мемлекеттік қыз-



мет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының жетекші маманы Евгений Бедых.

Сайыс парламенттік пікірталас форматында өтті. Жалпы, сайысқа алпыстан астам пікірсайысшылар қатысып, соның ішінен отыз екі құрама команда құрылды. Турнир тартымды, тартысты болды. Әр команда өздерінің пікірлерін деректер келтіре отырып, жеткізді. Сонымен, ақтық ойынның қорытындысы бойынша қазылар алқасының ұйғарымымен бірінші орынды Шәкәрім Серікбаев, Зейнолла Оразхан бастаған "Елтаңба фракциясы"

құрама командасы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің құрама командасы иеленді. Турнирдің "Үздік спикері" атағын Зейнолла Оразхан, Нұрбек Қабдрахметов жеңіп алды. Ал, "Үздік төрешісі" атағын Ботакөз Аманжол, Олжас Сүлейменов иеленді.

Сайыс жеңімпаздарын ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының төрағасы Асхат Ескендіров құттықтап, жылы лебізін білдірді. Алғыс хаттар мен жеңімпаз кубогын сыйға тартты.

Ыстық су үш аптаға ағытылады

Қостанайда мамыр айының 10-31 аралығында магистралды жылу желілерін жоғары қысымды сынақтан өткізеді. Осыған байланысты ыстық су тоқтатылады. Бұл әуелі облыс орталығын жаз кезеңдерінде ыстық сумен қамтуда апатты жағдайлардың болмауы үшін керек. "ҚЖЭК" МКК мамандарының айтуынша, бұл тұрғындарға таңсық жайт болмауы тиіс, өйткені

желілер осылай жылына екі рет сынақтан өткізіліп тұрады. Олар белгіленген мерзімге дейін бұл маңызды шараны ойдағыша аяқтауға уәде етіп отыр.

Сондай-ақ, коллекторларды алмастыру жұмыстарына байланысты, ЖЭО мен №3 жылу қазандығы 1-маусымнан, ал №2 қазандық 16-маусымнан бастап іске қосылатын болады.

Ерлік пен Жеңіске арналды



**Гүлназым
САФИТОВА**

Облыстық тілдерді оқыту орталығында Отан қорғаушылар мен Жеңіс күндеріне арналған "Жердің қорғаны, елдің тұтқасы", "Ер есімі – ел есінде" атты ашық сабақтар болып өтті. Біріне – тіл үйренуші ішкі істер департаментінің, екіншісіне – Қостанай қаласындағы қорғаныс істері жөніндегі басқарманың қызметкерлері қатысты.

– Курстағы мемлекеттік тілді үйренемін деген тіл үйренуші қызметкерлер бірінші деңгейдегі тіл үйренушілер болып табылады. Ашық сабақ атаулы күнге арналғандықтан, тіл үйренушілеріміз ең алдымен еліміздің кешегі Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батырларымыз туралы не біледі, олардың түр-түсін таниды ма екен деген мақсатпен слайд, бейнекөрініс көрсетпекпіз. Сабаққа қатысушы слайдтан көрсетілген батырларымыз жайлы өз білгенін мемлекеттік тілде айтатын болады. Сабағымның дені жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының батыры Сұлтан Баймағамбетовқа арналмақ. Сонымен бірге "Мен соғысты жек көремін" атты топтық жұмыс

өтеді, тапсырмалар орындайды, сабақ ардагерлерге хат жазумен аяқталады. Кейде ашық сабақтар тақырыбы мәселен, патриотизм, ұрпақ сабақтастығы, еліміздің ардақты ұлдары, тарих, мәдениет секілді болып келіп, тіл үйренуші топтардың басшылықтарының тапсырысы бойынша ұйымдастырылады. Осы тапсырыстар алдымен тіл үйренушінің білімін жан-жақты толықтырса, екіншіден, өз елінің, республикасының тарихы мен мәдениетін біле отырып, рухани байлығын, сөз қорын толықтырады, – деді орталық оқытушысы Берікқара Болатбекұлы.

Ал, оқытушы Гүлмира Кірікпенованың ашық сабағы Отан қорғаушылар күніне арналғандықтан, сабақ Отан, қорғаушы, ел, жер, білім, батырлық, ерлік сөздері аясында өтті. Сабақта сұрақ-жауап, сөзжұмбақ, үй тапсырмасы, топқа бөлініп сөз жасыру, мақал-мәтел сайысы, өздік жұмыс, "Әскери авиация" – шытырман сөз секілді оқытудың жаңа технологиялары қолданылды.

СУРЕТТЕ: сабақтан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

ған үшеуіміз жалма-жан тасаға тығылып, немістердің жақын маңайда екенін аңғардық. Александр деген жігіт екеуіміз қайтыс болған жолдасымыздың сүйегін еңбектеп барып, алып келіп, бір қарағайдың түбіне жерледік. Содан кейін қалың жыныстың ішіне еніп, байланыс құралдарымызды іске қосып, өзіміздің әскерге жаудың таяуда екенін хабарладық. Біздің бұл мәліметіміз көп пайда әкелді. Сол жолы кескілескен ұрыс болды. Әскер берген мәліметіміз бойынша ит тұмсығы өтпейтін қалың орманға кіріп, орналасып алып,

Алды-арттарына қарайтын түрлері жоқ. Манағы бірге шыққан жолдастары көрінбейді. Олар да ұзап кеткен секілді. Мен мұны көріп, Анатолийге ренжідім. "Күтуіміз керек еді. Сен олардың иттерін бекер аттың" дедім. Ол болса "Онда тұрған не бар? Онан да қайтайық" деді. Сөйтіп, өз әскерімізге қарай жүрдік. Бір шамадан кейін олар бермен қарай келе жатыр екен. Көріп, кездесіп, болған жәйді айттық. Командиріміз Анатолийге ренжіді. "Мынау Ертай Мұқанұлының тілін неге алмадың? Иттерді өлтіргенше адамдарын алып кел-

сайтын. Сонда бір жасап қалатынбыз. Енді міне, мен жалғыз қалдым. Нұрекең де, Хайрекең де жоқ. Дегенмен, алақандарына салып, аялап отырған ел-жұртым мен басшыларым бар. Қайда барам десем де, қолымды қақпайды. Санаторийге де жіберіп алады. Жасымда бейнет көрсем, енді міне зейнет көріп отырмын. Кейбіреулер "Осы Ертайды сонша неге құрметтейсіңдер, жауды жеңген жалғыз Ертай ма?" дейді екен. Ондайларға мен не айтатын, өздері білсін. Бірақ менің он алты жасымнан соғысқа қатысып, екі жарым жыл қан майданды басымнан өткізгенім олар үшін ойыншық болса, ондайларға не деуге болады?! Мен өзімді Отанымызды қорғасқаным үшін бақытты санаймын! Отан үшін от кешкенімді мақтаныш етемін! Өзім қатарлы қаншама жігіттер қыршындарынан қиылды. Ал мен болсам, міне ұзақ жасап, олар көрмеген барлық қызықты көріп отырмын. Еліміздің Тәуелсіздік алғанын көппен бірге тамашалап, қуанышқа кенелдім. Енді міне, Тәуелсіздіктің 25 жылдығын және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын жұртымыз тойлағалы жатыр. Алла қаласа, осы екі тойды да көрсем деймін. Шынымды айтайын, мен ешуақытта осы жасқа келемін деп ойлаған жоқпын. Бірақ Алланың бергені ғой! Ұзақ жасау бақытына ие болып отырмын. Тағы да айтамын, еліме де, Елбасынан бастап былайғы басшылардың бәріне де ризамын! Аудандық қорғаныс бөлімі, ардагерлер ұйымы, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшылары мен қызметкерлері маған жиі келіп, жағдайымды біліп тұрады. Әрине, оларға тапсырма беріп отырған басшылары екенін жақсы түсінемін. Негізі қариясын құрметтеген ел – жаман болмайды! Жасты құдай береді. Үлкенді сыйлау дәстүріміз жалғаса берсін! – дегім келеді. Алла нәсіп етсе, алдағы тағмыз айында 90 жасқа толмақпын. Міне, Жеңістің 71 жылдығын да көргелі отырмын. Сендердің мені іздеп келгендеріңе мың да бір рахмет! Ауданымызға жаңадан келіп жатқан қорғаныс бөлімінің басшысы Талғат Өтегеновке ақ батамды бергім келіп тұр, – деді Ерекең.

– Иә, Ер-аға, батадан артық не бар, беріңіз! – деді аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Балтабай Уахитұлы.

Ер-аға қолын жайып:

Бақ берсін, бөледен сақтасын,
Талғат ел үмітін ақсатын.

Еліміз бейбіт өмір сүрсін,
Төбемізден күн күлсін,
Жер бетіндегі адамзат
Бейбітшілікте өмір сүрсін!
Ел-жұртым аман болсын,
Әрдайым осындай заман болсын!
Ал Талғат балам,
Қызметінде абыройлы бол,
Еліңе елеулі, халқыңа қадірлі бол!
Ұзақ ғұмырлы бол!

– деп Ерекең ақ батасын жаудырды.

– Осы аяғым ғана икемге келіңкіремейді, әйтпесе қалған жерім аман-сау. Кейде сендерді көргенде жүгіріп кеткім келеді! – дейді Ерекең жымиып.

– Ер-аға, Сізге 90 деген не тәйірі, 100-ге келіңіз! – деді аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Абай Айтбайұлы.

– Ә-ә-ә, менің қолымда болса 100 түгілі онан да ұзаққа барғым келеді. Мынандай бақытты заманды, шаттықты өмірді көрудің өзі ғажап емес пе?! Менің Алладан күндіз-түні тілеп жүрген тілегім – енді жер бетінде соғыстың болмауы! Осы тілекті жатсам да, тұрсам да тілеймін. Үш жыл соғыс көрген біз оның қандай қасірет әкелетінін жақсы білеміз. Қазірдің өзінде талай мемлекеттер соғыстың ащы дәмін татып, зардап шегіп отырған жоқ па?! Араб елдеріндегі жағдай бәріміздің де жүрегімізді ауыртады. Адам баласы өмірге өлсем деп емес, өмір сүрсем деп келеді. Қазіргі кезең өте қиын болып тұр. Мемлекеттер ортақ мәмілеге келіп, Елбасымыздың манифесіне құлақ түрсе дұрыс болар еді. Өркениетке жеткен мына заманда соғысқа жол беру – жөн емес. Мен еліме тек қана бейбітшілік пен тыныштық тілеймін! – деп Ер-ағаң желпініп қалды...

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқанұлы.

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫНЫҢ СЫРЫ

немесе соғыс және еңбек ардагері
Ертай Мұқановтың ақ тілегі

Хамитбек
МУСАБАЕВ



– 1 –

Өткен жылғы 9 мамыр – Жеңіс күнін ауданымыз бойынша екі майдангер – екі құрдас бірге қарсы алып еді. Енді міне, егіздей болған сол екеудің бірі – Хайролла Бәйділдин ақсақал дүниеден өтіп, жалғыз ғана майдангер қалды. Ол – Ертай Мұқанұлы ақсақал.

Оны барша аманкелділіктер Ер-аға және "Тамаша" деп атайды. "Тамаша" дейтіні Ер-ағаң өзінен жағдай сұраған адамдарға ылғи да тамаша деп жауап береді. Содан "Тамаша" атанып кете барды.

Бұлар ағайынды екі жігіт болған екен. Үлкені Нартай – соғыста ерлікпен қаза тауыпты. Ол ұшқыш екен. Содан Ер-ағаң жалғыз қалған. Соғысқа ағасынан қалмай өзі тіленіп, 16 жасында барыпты. 1943 жылдың басында Шұбаркөлдегі дайындықтан өткен соң Ерекең соғысқа байланысшы болып қатысқан.

– Байланысшының қызметі өте маңызды. Біз, байланыс қызметкерлері штабпен үнемі хабарласып, жағдайды хабарлап отырамыз. Бір жағы барлаушымыз, әскерден ұзап шығып, құралдарымызды құрып, неміс әскерінің қай жерде келе жатқанын, немесе қай жерде орналасқанын, қару-жарақтарының жағдайын түпкілікті зерттеп, біліп, хабарлаймыз. Мәліметтеріміз өзіміздің әскерлерімізге өте пайдалы болады. Берген мәліметіміз бойынша операцияларға шығады. Мен әскерде 1943 жылдың қаңтар айында алынып, 1947 жылдың қаңтарына дейін қызмет еттім. Соғыс аяқталған соң бізді сонда қалдырды. Негізінде мен оқымаған адаммын ғой, сауатымды сонда аштым. Қарулас жолдастарым маған көп нәрсе үйретті. Жаумен бет-бет кездесіп қалған жағдайда олармен қалай шайқасу керек екенін қолмен ұстатқандай түсіндірді. Оның маған пайдасы көп болды.

Бір жолы біз, барлаушы-байланысшылар өз әскеріміздің алдынан ұзап шығып, немістерді барлауға аттандық. Әрине, олар да қарап жатпайды ғой... Біздің келе жатқанымызды байқап отырған болу керек. Бір кезде, сол жағымда келе жатқан жолдасым оққа ұшты. Біз төртеу едік. Қал-

жауға жойқын соққы берді. Немістер өлгені өліп, өлмегені кейін қашты. Бұл – менің алғашқы көрген соғысым еді.

Кейін талай ұрысты көріп, етіміз үйреніп кетті. Жаудан қорқу дегенді білмедік. Мүмкін, жастығымыздан болар. Ол кезде мен денелі едім, күш-қайратым да мол еді. Қазір ғой міне, 90-ға келген соң тыпырлап жүргенім. Онда бір-екі адамдық күшім бар еді. Бірді айтып, бірге кеттім бе? Бір жолы біз, екі байланысшы-барлаушы әскерімізге мәлімет әкелу үшін тағы да жолға шықтық. Серігім Анатолий де қайратты жігіт болатын. Екеуіміз біраз жүрген соң, бір шағын қалашық көрінді. Енді сол маңға жету үшін еңбектеуімізге тура келді. Жел сол жақтан соғып тұрған. Біз болсақ ықтамыз. Байланыс құралымыз бен қалтамызда ұзын жібіміз бар. Адамның даусы еркін жететін жерге дейін барған соң, жан-жағымызды бажайлап қарадық. Содан кейін Анатолий арттағы әскерімізге байланыспен хабар берді. Күзетте тұрған 5-6 адам жан-жаққа қарап, бірдеңе деп сөйлеп жатты. Ол кезде біз дұшпанның тілін білмейміз. Анатолий маған "Ероха, кейін шегінейік, бұлар көп қой", – деді. Сөйтіп, біз еңбектеп бір терең сайға келіп түстік. Сол жерден маңайға көз жүгіртеміз. Бір кезде әлгі жігіттер екі-екіден бөлініп, жан-жаққа кетті. Бір-екі жігіт біз жатқан сайға қарай беттеді. Анатолий болса "тағы да кейін шегінейік, оларды неғұрлым алысқа әкеткеніміз жөн" деді. Содан екеуіміз бар күшімізді салып, қатты еңбектеп кейін шегіндік. Аналар болса ақырын жүріп келеді. Біз олардан ұзап кетіппіз. Еңбектеу оңай емес. Үсті-басымыз бүлінді... Анатолий болса "Тағы да шегінейік, анау бір ойпатқа түссек, құтылып кетерміз" деді. Сөйтіп тағы да бір шақырымдай ұзадық. Енді біз демімізді алып, әлгілерді қарап отырмыз. Олар болса жай-барақат, самарқау келе жатыр. Екеуінің қасында екі ит бар. Мықтап ұстап алған. Біз ықта жатқандықтан, ол иттер иіс ала алмай, серіктерінің жанында жай келеді. Мұны көрген Анатолий "Мен екеуінің де итін атып өлтіремін", – деді. "Қайтесің, сезіктеніп қалып, ұзап кеткен жолдастарын шақырып, соңымызға түсер, неде болса жақындасын, сол кезде қимылдайық, ойпатқа түскеннен кейін оларды кім көріп жатыр? Иттерін сонда атып, өздерін қолға түсірсек, одан артық олжа бар ма?!" – дедім. "Ай, Ероха, мынау ақылың дұрыс екен!" деді ол.

...Күткен қандай жаман, әрі-беріден соң екеуіміз күтуден жалықтық. Аналар болса асығар емес, жан-жақтарына маңғазданып қарайды. Шамасы кеткілері келетін сияқты. Жүрістері өнбейді. Осы кезде Анатолий менің айтқанымды тыңдамай, әлгілердің қасында келе жатқан екі итті де атып құлатты. Аналар болса кері қашты.

сендер, көп жағдайға қанығатын едік қой!" деді. Анатолий кешірім сұрады, "Екінші қайтара бұлай істемеймін" – деді. Бұл жолы да біздің әскер қалашықтағы жауды қирата жеңіп, сол жерде біраз тыныстады. Содан не керек, Берлинге дейін бардық қой. Берлинге Рақымжан Қошқарбаевтардың Рейхстагқа қалай ту тіккенін көзіммен көрдім. Бұл сөзімнің ешқандай өтірігі жоқ. Шындықты айтып тұрмын. Рақымжандар Рейхстагқа ту тігу үшін 500-600 метр жерге қандай қиыншылықпен жеткенін жақсы білемін! – дейді Ер-ағаң.

– 2 –

Бұл кісі соғыс аяқталған соң екі жыл әскери қызметте болып, елге 1947 жылы 21 жасында оралыпты. Содан колхоз-совхозда қой баққан. Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозда аға шопан болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан.

Ер-аға соңғы екі-үш жылға дейін өте тың болды. Аманкелді селосының көшелерін қыстың аязды күндерінде саптама етігін сартылдатып жүріп шығатын. Моншаға түсу үшін ерінбей Арқалық қаласына да тегін барып жүрді.

– Кейбір қалжыңқой құрдастарымның тілі тиді ме, қайдан білейін, соңғы үш-төрт жылдан бері бұрынғыдай көп жүрмеймін. Бірақ, күнделікті далаға шығып, таза ауа жұтып, маңайды бір шолып қайтамын. Облыс, аудан басшыларына және Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа мың да бір рахмет! Маған орталықтан жылытылатын үш бөлмелі әдемі пәтер берді. Үйім жылы. Маңайда еңгімелесетін көршілерім де жеткілікті. Мен жастай жетім қалып, жоқшылықты көп көрген адаммын ғой... Бұрынғыдай емес, денсаулығым сыр бере бастады. Соны сезген аудан басшылары мені аудандық орталық ауруханаға емдетіп, денсаулығымды түзеп қояды. Мұндай азаматтарға қалай риза болмайсың?! Бұрынғылар "Күлсең – көріге күл" депті ғой. Сол рас шығар. Бірақ өзім үлкен кісілерге ешқашан күлмеп едім. Қайта олардың қолтығынан демеп, баратын жерлеріне апарып салушы едім. Сонда олар маған бата беретін. Не деп береді дейсің ғой, "Ғұмыр жасың ұзақ болсын, бақытты бол!" деуші еді жарықтықтар. Солардың батасы қабыл болған шығар, ұзақ жасап отырмын. Аудан бойынша жалғыз соғыс ардагері мен ғанамын. Екі-үш жылға дейін Нұрхан Таукенов, Хайролла Бәйділдин үшеуіміз едік. Алдымен Нұрекең кетті. Содан кейін Хайрекең өтті. Аудан басшылары әрбір жылғы 9 мамыр күні бізді құрметтеп, әскери машинаға мінгізіп, "Шұғыла" алаңындағы "Отан үшін от кешкендер" ескерткішінің алдына қойылған орындықтарға отырғызып, құрмет жа-

● "ҚТ": ЕҢБЕК ДАҢҚЫ МҮЙІСІ

Тыл тарлааны

Қабаш Қозыбаев туралы сыр



Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл тауқыметін арқалаған жандардың бірі – Меңдіқара ауданындағы "Жаңа тұрмыс" колхозының басқарма төрағасы Қабаш Қозыбаев еді. Оның есімі Жеңіс шежіресіне алтын әріптермен жазылды. Қайталанбас тұлға дерегін құжаттарға сүйене отырып баяндамақпыз.

Сәлім
МЕҢДІБАЙ

Қабаш Қозыбаевтың естелігі:

– 1942 жылы Қаратал МТС-інің саяси бөлімінде майданға көмекті барынша күшейту жөнінде әңгіме болды. Саяси бөлімнің бастығы А.Тасмұхамедов, аудандық партия комитетінің секретары А.Айтмұхамедов тамбовтық колхозшы Ф.Головатыйдың патриоттық бастамасы жайлы айтты. Сонан соң бірінші сөзді маған берді.

– Иә, жағдай ауыр. Он үш жасымнан жалшы болдым. Қол еңбегі маған әбден таныс. Сондықтан басқыншыларды қайткен күнде де құл-талқан етуіміз керек, не батыр өлімімен өлу керек. Осы екі жолдан өзге таңдау жоқ. Менің малды, жанды екенімді білесіздер. Соғыс алдында ауданда алғашқылардың бірі болып патефон, велосипед сатып алып едім, 2 бие, 4 сиыр, 10 қой, 150 пұт астығым бар. Осылардың қанша сом болатыны белгісіз. Бірақ 150 мыңға жеткізетінім хақ, – деп халық алдында уәде бердім.

... Бір айдан кейін мемлекеттік банкке 190 мың сом өткіздім. Досым Я.И.Верещенко екеуміз бірігіп (ол 180 мың сом берді) Чкалов қаласына барып, 3 әскери самолет сатып алдық. Екі самолеттің қанатына екеуміздің аты-жөніміз жазылды. Екеумізге ортақ үшінші самолеттің бір қанатына оның, бір қанатына менің аты-жөнім жазылды. Бұл самолеттерімізді болат сұңқарларымызға өз қолымызбен табыс еттік.

(Естелік "Социалистік Қазақстан" газетінің 1968 жылғы 14 ақпандағы санында жарияланды).


Справка

Настоящая справка выдана предсе-



дателю колхоза "Жана Турмыс" т. Козыбаеву Кабаш в том, что он совместно с председателем колхоза "Красный Повстанец" тов. Верещенко Яковом Ивановичем приобрели на наличные сбережения звено самолетов, которые передали 46-му авиаполку.

Зам.директора завода /Голубков/
Ст.военпред ГУ ВВС КА
инженер-майор /Попов/
21.1.1943 г.



"Правда" газеті. 1943 ж. 26 қаңтар

Телеграмма

Высшая правительственная
Колхоз "Жана-Турмыс"
Мендыгаринского района,
Костанайской области.
Председателю колхоза
товарищу Козыбаеву Кабаш
Примите мой привет и благодарность
Красной армии за Вашу заботу о броне-



танковых силах Красной Армии.

И.Сталин.
"Правда" газеті. 1943 ж.
26 қаңтар.

Академик Манаш Қозыбаевтың естелігі

– Әкем барша Қозыбай әулетінің қамқоршысы болды. 1931 жылғы аштыққа ұрынған туыстарын 1932-33 жылдары толық өз қолына жинап алды. Соғыс жылдары майданға кеткен бауырларының бала-шағаларын бақты, қақты.

Алайда соғыс қатал құбылыс. Сақан апамыздың жолдасы Қабен Харьков түбінде немістерге тұтынға түсіп, ұзақ жылдар жездемізді канцлагерьден, одан ГУЛАГ-тан күтті. Айтжан апамыз 5-6 рет Қарағанды шахтасына шақырылып, майданнан жаралы болып оралған Күзембай деген жігітке шығып, бақытын тапты. Әкемнің ағасы Әбіл еңбек әскерінде жүргенде Сәбира шешеміз өліп, балалары жетім қалды. Майданға кеткен Базарбай деген туысымыздың отбасы да біздің қарамағымызда болды. Жетім балалар үйінің қызы Күләй бізбен бірге тәрбиеленді.

("Жұлдызым менің" кітабынан,
Алматы, 2001 ж.).

Ғаббас ЖҰМАБАЕВ:

"Жаңа тұрмыс" көшесінде көп халық, Соңғы хабар тыңдап тұрған топтанып. Құлақтары елең етті кенеттен:
– Шын айтты ма? Қағыс болар?
– Жоқ, анық!

"Елдік пенен ерлік даңқы шырқады: Жасау үшін күміс қанат сұңқарды, Екі жүз мың сом тапсырды Отанға, Қазақ халқы Қозыбайдың ұрпағы!"



Тыңдап тұрды ұл мен қызы бар елдің,
Тыңдап тұрды барлық халқы әлемнің,
Қарапайым шаруаға жолдаған,
Бас қолбасшы Сталиннің сәлемін.

(Бұл үзінді ақынның
"Болат сұңқар" поэмасынан
алынды.

"Қостанай таңы" газеті,
1976 жыл 23-25 наурыз).

Колхоз құрылысы ардагерінің құрметіне

Қостанай облысы Боровской ауданы "Краснопреснен" совхозы орталық мекеніндегі бір көшеге Қабаш Қозыбаевтың аты берілді. Оның тағдыры туған жермен тығыз байланысты болды. Ол осында өсті, осында еңбек етті, селоны ұжымдастыруға белсене қатысты. Соғыс жылдары өзінің жеке қаражатын "Қазақстан колхозшысы" танк колоннасын құру қорына берді...

("Социалистік Қазақстан" газеті,
1986 жыл, 22 шілде).

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Қазақстан Журналистика академиясының президенті, профессор:

...Тек танк колоннасын жасақтау үшін ел халқынан 5.873.143 мың рубль ақша жиналды, мұның өзі қосымша 30522 танк пен өздігінен жүретін артиллериялық құрылғы шығаруға мүмкіндік берді. Барлығы соғыс жылдары қорғаныс қорына 16 000 000 000 рубль ақша түсті, өте үлкен мөлшерде платина, алтын, асыл тастар мен күміс жиналды. Мұның бәрі Қорғаныс халық комиссары мен КСРО әскери-теңіз флотының 1941-1945 жылдардағы шығындарының елеулі бөлігін жапты.

Бұл ұмытылмас ерлік миллиондарға тән еді. Фашистік құлдықтан азат етілген Еуропада ұзақ күткен бейбітшілік күні жарқыраса, оның шұғыласы даңқты совет гвардиялық полктарының ғана шапағаты емес, онда менің анам Ақсұлудың саусағынан суырып берген алтын жүзігі мен менің әкемнің атаулы әскери самолеттер звеносындағы жұлдыздардан тараған шапағат та бар еді.

("Звезды в небе" кітабынан.
Алматы. 2013 ж.).

СУРЕТТЕРДЕ: Қабаш Қозыбаев және Қабаш пен Ақсұлу.
(Суреттер С.Қозыбаевтың жеке мұрағатынан алынды.)

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Менің атам — майдангер

Менің атам Қаралақ Құсайынов 1921 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Еңбекші ауылдық кеңесіне қарасты 8-март колхозында дүниеге келген. Білетіндердің айтуынша, соғысқа дейін жетім балалар үйінде тәрбиеленген, мектепте оқыған. Қарасу ауылдық кеңесінде хатшы болып қызмет істеген. Кейін аудандық тұтынушылар одағында товаровед болған. Сұрапыл соғыс басталған соң, 1942 жылы мамыр айында әскер қатарына шақырылып, 352 атқыштар дивизиясының құрамында болады. Кейін 76-гаубицалық атқыштар полкіне жіберіледі. Осы полктің

сапында Сталинград үшін шайқасқа, Украинаны, Курск, Орел, Киев қалаларын жау әскерінен босатуға қатынасады.

Харьков түбіндегі соғыста өз гаубицасымен жаудың 5 танкісін жандырып, ерлік жасады. Курск доғасындағы ұрыста да жау әскеріне оқ жаудырып, шығынға ұшыратқаны үшін екінші рет "Ерлігі үшін" медалімен марапатталды. Әскер қатарынан 1946 жылы босап елге оралады. II дәрежелі Отан соғысы, Даңқ ордендерімен, "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" және басқа да жеңістен кейінгі мерекелік

10 медальдармен марапатталған. Елге келгеннен кейін өз мамандығы сауда саласында қызмет істеп, Жітіқара ауданы тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары, Аманкелді ауданы тұтынушылар одағының орынбасары, совхоздарда жұмысшылар кооперациясының төрағасы болған. Зейнеткерлікке шығып, көп жылғы еңбегі бағаланып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасын алды. Атам 1998 жылы өмірден өтеді. Ар-



тында 5 ұл, 16 немере және шөберелері қалды. Атамыздың бүгінгі бейбіт күннің тууына жағдай жасағаны үшін шексіз қуаныштымын.

Бақытбек ЖҰМАБЕКҰЛЫ.
Аманкелді ауданы.

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Қаһарлы жылдар шежіресі

Облыстық ардагерлер кеңесі
шығаратын қосымша кітапта
жалғасын табады

Уақыт өтер, керуен көшер. Ел есінде қалатыны адамның өнегелі ісі, абыройлы еңбегі. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің ерліктері де өміршеңдікке ие. Майдангерлердің есімдері мен ерліктерін әркез айта беруден жалықпаймыз, жалығуға тиісті емеспіз. Олар жайлы талай кітаптарға жазылды. Талай мақалаларға арқау болып, әңгіме өзегіне айналды. Себебі, бірімізге аға, енді бірімізге әке, кейінгілерге ата болған майдангерлер мен соғысқа қатысқан әйел азаматтарының ерліктерін кейінгілерге дәріптеу әр ұрпақтың парызы.

Жуырда біздің елдің батырларына арналған қосымша кітап шықпақшы. Әзірге, дерек-дәйек жинау жұмысы қызу жүріп жатыр. Бұл жақсы жаңалықтың маңызы, мазмұны туралы Қостанай облыстық ардагерлер кеңесі қосымша кітаптың редакторы Төлеген Шолановтан сұраған едік.




рыда көрсетілген, елге аман-сау келген 29 920 жауынгер туралы мәлімет жазылған.

– Қостанайлық майдангерлердің бәрінің есімдері бұған дейін баспадан шыққан кітаптарға енді ғой?

– Біздің пайымымызша, баршасы кітапқа кірген болуы керек еді. Себебі, әр аудандарда, қалаларда әкімдердің орын-басарлары бастаған бастамашыл топтар құрылған-ды. Сол бастамашыл топтардан облыс орталығындағы редакциялық коллегияға соғыс ардагерлері туралы құжаттар түсіп отырды. Олар оны жөндеп, түзеп баспаға беріп отырған.

Ал былтыр, 2015 жылы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына байланысты облыстың елді-мекендерінен, әрі кетті Алматы, Астана және Петропавл т.б. қалалардан бізге жауынгерлердің туыстарынан сұраулар түсе бастады. "Неге менің әкем, атам, әжем сол 18 томда немесе "Боздақтар" кітабында жоқ" деп сұрайтындар табылды. Бұл кітаптардың электрондық нұсқасы интернеттегі мына



сайтта: veteran.kostanay.kz орналасқан. Қалың көпшіліктің сұранысын ескере отырып, облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері, оның төрағасы Кенжебек Укин Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне арнайы түскен қаражатқа тағы бір том, яғни 19-шы томды әзірлейік деп қаулы шығарды.

– Қосымша шығатын 19-шы томға кімдердің есімдері кіреді?

– Соғыста мерт болып, "Боздақтар" кітабына енгендер;

– Біздің аудандарда туып, ашаршылық, қуғын-сүргін жылдары Ресейге қоныс аударып, сол жерлерден соғысқа шақырылып, мерт болғандар;

– Соғыста жараланып, елге келіп 1941-1950, 1960 жылдардың аралығында өмірден озғандар. Ал біз кітаптарды шығаруды 1995 жылдан бастадық (ол шіркіндердің үрім-бұтақтары әр тарапқа таралып кетті, әскери комиссариаттарда да архивтері сақталмаған). Бүгін Ресейдің Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған интернеттегі сайттарынан жауынгерлердің немере, шөберелері кітаптарға кірмеген деректерді тауып, бізге әкеліп беріп жатыр.

– Тұтқынға түсіп қайтыс болған жауынгерлердің кейбіреуі "Боздақтар" кітабында кездеседі. Ал кездеспегендерін қосымша кітапқа қосып жатырмыз.

– Ресейдегі іздегірушілер тобы жауынгерлердің жерленген жерлерінен тапқан солдат медальондарының ішінде Қостанай облысынан шақырылған із-түссіз жоқ болып кеткен жауынгерлер табылып жатыр. Соларды да кітап бетіне кіргізіп жатырмыз.

Міне, осындай әдістеме бойынша жұмыс істейміз. Бұл шаруа алты, жеті айдан бері басталды. Қолда бар дерек-дәйектің бәрін қорытындылап баспаға жыл аяғына қарай береміз. 6 мамырға дейінгі есеп бойынша 450 жауынгердің құжаттары тіркеліп, болашақ кітапқа дайын тұр.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Қымбат ДОСЖАНОВА

– Төлеген аға, Ұлы Отан соғысына қатысқан қостанайлық ардагерлер туралы мәлімет іздеген жастарға қандай бағыт-бағдар берер едіңіз?

– Қостанай облысынан майданға 73 500 жауынгер аттанған. Оның 24 174-і ұрыстарда қаза тапқан, 3519-ы әскери емханаларда қайтыс болған. 89-ы тұтқынға түсіп азап шеккен, 15798-і хабарсыз кеткен. Қорытып айтқанда, елге аман-есен келгендердің саны – 29 920 жауынгер, келмегендері – 43 580.

Ұлы Жеңістің 50 жылдығына байланысты "Қазақ энциклопедиясының" Бас редакциясы Алматы қаласы 1995 жылы басып шығарған "Боздақтар" естелік кітабы-

на соғыстан оралмағандардың біздің облыс бойынша деректер берілген. Бұл мәліметтер осы жылдар басталып 2001 жылы аяқталған. Алты томнан тұрады. Осы тарихи құжаттарда соғыстан келмеген 43 580 жауынгер туралы жазылған. Бұл – бір.

Екіншіден, облыстық ардагерлер кеңесінің бастауымен, облыстық әкімдіктің қаржылық қолдауымен соғыстан аман-есен елге келген жауынгерлер туралы "Олар жеңіспен оралды" естелік кітабы бар. Қостанай облысына қарайтын әр аудан мен қалалар бойынша деректер жинақталып, 18 том болып шықты. Алғашқы томының шыққан уақыты 2007 жыл. Соңғысы 2011 жыл. Кітаптың басушысы "Қостанай баспа үйі" (Костанайский печатный двор). Осы басылған 18 томға жоға-

Жарқын бейнең жүрегімізде



Әкеміз Мағзұм Нұрғазы 1916 жылы 10 мамырда дүниеге келген. 1938 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Фин соғысына қатысқан. Осылайша, соғыстың алғашқы күндерінен бастап майдан дала-сында болады. Батыс, 1-Белорусь, 2-Украина майдандарында соғысады. І және ІІ дәрежелі "Отан соғысы", "Қызыл Жұлдыз", Еңбек Қызыл Ту орденде-

рімен және көптеген әскери және мерекелік медальдармен марапатталған.

Әскер қатарынан босатылғаннан кейін, 1946 жылдың мамырында өзінің туған еліне оралады. Елге келген соң ауыл кеңсесінің дүкенінде сатушы болып жұмыс істеген. Көзі тірісінде сегіз баласына үлгілі әке, туған-туыстарына сыйлы азамат бола білді. Өмірінің басым бөлігін ең-

бекке, бала-шағасының тәрбиесіне арнаған әкеміз 1992 жылы тамыз айында дүниеден озды.

Ұлы Жеңістің 71 жылдығында әкеміздің өзі жоқ болса да, оның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Сайлауғұл НҰРҒАЗИНА.

СУРЕТТЕРДЕ: Мағзұм Нұрғазы соғыс жылдары. Қарасу ауданы.

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Жеңіс мейрамының қарсаңында Қостанай қалалық білім бөлімінің "Балалар шығармашылығы мектебі" Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 71 жылдығына орай "Мамырлы Жеңіс" атты мектеп оқушыларының көркем сөз байқауын ұйымдастырды. Байқаудың негізгі мақсаты – Отан қорғаушылардың ерліктерін, қаһармандық бейнесін дәріптеу, өскелең ұрпаққа патриоттық сезім қалыптастыру, мәдени-тарихи мұраға құрметпен қарау, өз халқын, батырларын мақтан тұту.

Әр жас шамасында болған байқауға 100-ден аса үміткер қатысып,



Байқау мәреге жетті

өздерінің эстетикалық талғамын, актерлік шеберлігін, көркемсөзге деген қызығушылығын көрсетті. Әрі тандаған шығармасының авторын, туынды тарихын, оның мағынасы мен мазмұнын танып-біліп, сахнада айта білді. Тіпті, кейбірі өз шығармаларын оқып беріп, ойларымен бөлісіп, көзқарасын білдірді.

Байқау қорытындысы бойынша 7-9 жас аралығында №15 орта мектебінің оқушысы Ақниет Тұрғынбай бірінші орынды жеңіп алса, №115 мектеп оқушылары Эдель Арғынбаева мен Елдана Абылайханова екінші орынды иеленді. Үшінші орындарды №21 орта мектебінің оқушысы Владислав Донченко, №24 мектептен

Аружан Сомтемірова және №115 мектептен Алексей Меланчук бөлісті.

Ал, 10-13 жастағы оқушылар арасында №23 М.Қозыбаев атындағы мектептің оқушысы Никита Вольский барлығынан озып шықты. Ол бұған дейін де облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы болған. Екінші орындарды №5 мектептің оқушысы Ян Затейкин мен София Фелелова бөліссе, кейінгі жүлделерді №17 мектептің өкілі Арсен Қуанышбаев, №5 мектептен Ирина Ремезова, №13 мектеп намысын қорғаған Иван Заботкин иеленді.

СУРЕТТЕ: Іс шарадан көрініс. Суретті түсірген автор.

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҒҚЫ



ЖЕТІС ЖЫЛ БОЙЫ САҚТАЛҒАН ХАТ

немесе әженің аманаты

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Жылап жатыр. Өбісуде еріндер, Жыламаған жалғыз ғана кебір-жер... Боздақтарын аттандырған шақтарда, Боздап еді-ау, боркемік боп қарттар да, – деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, Ұлы Отан соғысы адам баласына өлшеусіз қайғы-қасірет әкелді. Осынау зұлмат тақсиретін тартқан, соғыстың лебі шарпыған отбасының бірі Қариндер еді.

Қара Қаратышқанов 1899 жылы қазіргі Аманкелді ауданына қарасты Жаңатұрмыс елді мекенінде өмірге келеді. Оның шын есімі – Нұрғали, жас күнінде қараторы болғандықтан, жеңгелері «Қара» деп атап кеткен екен.

Аманкелдідегі қазіргі Ақташы әулетінің үлкені, ауыл ақсақалы Науан Меңдібайұлының айтуынша, Қара соғысқа дейін орта білім алған. Оқуын аяқтап, Қызылордадағы бір училищеге түсіп, заңгер мамандығына ие болады. Отызыншы жылдардың соңында сол өңірде тергеуші қызметін атқарады. 1934-1935 жылдары Қызылордадан Батпақараға қоныс аударып, осы жақта басқа жұмыстармен айналысқан. Құлан руынан шыққан (кей деректерде Құлмағанбет) Дәметкен есімді қызға үйленіп, 1936 жылы олардың тұңғышы – Берік өмірге келеді.

– Ол кезде бізге түсініксіз себептермен, лауазымды қызметте жүрген қазақтарды жазықсыз ұстап әкете беретін. Бірде ауыл ақсақалдары Қараның үйіне бас қосады. Ондағы мақсат – совет үкіметіне, империяның солақай саясатына қарсы тұру мәселелерін талқылау-тын. Сол түні милиция үйге баса-көктеп кіріп, барлығын қамап тастайды. Олардың бәрі «Халық жауы» деп танылды кейін, – дейді Науан әкеміз.

Бұл 1938 жылдың 11 наурызы болатын. Қара Қаратышқановқа совет үкіметіне қарсы астыртын шаралар ұйымдастырды деген айып тағылып, 15 жылға түрмеге тоғытылады. Соғыс басталардың алдында, 1940 жылдың тамыз айында Қостанай облыстық сотының шешімімен босап шығады.

1941 жылы Дәметкен әкеміз екінші ұлы Қайыркенді өмірге әкеледі. Екі жыл өткен соң Қара өз еркімен әскерге кетеді. Ары қарай Ұлы Отан соғысына аттанады.

Осыдан соң атамыздан ешқандай хабар келмейді....

Есейе келе ұлдары әкелерін іздей бастайды. Дегенмен, жауынгер әкенің не суреті, не жеке құжаты сақталмапты.

Дегенмен, немересі Ұлжан бұл істі қолға алады. Атасын сонау Мәскеу мұрағатынан іздей бастайды.

Ұлжан БЕРІКҚЫЗЫ, жауынгердің немересі:



«Бұл күннің менің ішкі жан-дүниемді алай-дүлей еткені соншалықты, орта жасты алқымдадым деген шағымда бар өткен өмірімді алдыма дөңгелетіп әкеп, балалықтың ауылына қайта оралтқандай. Ол менің кішкене кезден жүрегімнің түкпірінен орын алған бала арманым, жеткізбес қиялымдай көрінген, осы уақытқа дейін сағымдай жетелеген бар үмітім атам Қаратышқанұлы Қара-Нұрғали жайында болушы еді. Мен әжеме жақын өстім. Ол тіпті, ұршық иіріп отырса да қасына мені алып, бірдеңелерді айтып отыратын. Бала көңілім ауып, кейде қайта сұрай қалсам «өзіммен өзім сөйлесіп отырмын» дей салатын. Оған қоятын сұрақтарымның ауқымды бөлігі атам жайлы еді. Сондағы бар білгенім – қысқа ғана мәліметтер.

...Сұрапыл да суық, талай кінәсіз жандарды жұтқан, нешеме ұрпақтың тамырына балта шапқан репрессия жылдары еді. Совет дәуірінде ол жылдар ашық айтылмайтын. Шындықтың шеті, міне, Егемендік алған соң көрінді. Рас, сол жылдардағы алапат оттың жалыны шарпыған жанұяның бірі біз едік. Күні бүгінге дейін атамның жазықсыз «Халық жауы» деп ұсталып, одан соң Ұлы Отан соғысына кеткенін, хабар-ошарсыз жоғалғандардың санатында екенін ғана білуші едік. Бала болсам да әкем Берік пен ағам Қайыркеннің саясат, билік жайында айтқан әңгімелерінің шет жағасын түсінетінмін. Ал, атам тұрасында бірдеңе ести қалсам, елеңдеп отырушы едім. Жұрттың балалары аталарының түрлі ерліктерін айтып, мақтанып отыратын. Ал, мен атамның хабар-ошарсыз кеткенімен тоқтап, одан ары аса алмайтынмын. Ауыл үлкендері сұрағанда «Дәметкеннің баласы-мын» десем: «Қараның қызымын десейші, шіркін, атаң керемет адам еді ғой», – деп, бала жүрегімді одан сайын лүпілдетіп қоятын-ды. Әжем, одан қалды, әкем дүниеден озғаннан соң атам жайлы бір парақ дерек болса да табамын деп өзіме серт берген едім. Енді, міне, сол күн де туды».


Иә, немересі сертін орындады. Әкесі Берік Қараұлының айтуы бойынша, II дүниежүзілік соғыста қаза болғандардың

санатына енгізіп, жауап күтті. Осы жылдың 15-сәуірі күні Ұлжанның қызы Айнуір іздегірі тобынан жаңа мәліметтерді табады. Сөйтіп, Ресейдің «Память народа» жобасы бойынша Қаратышқанов Қара-Нұрғали ту-

кушканы» құлатады. Жарақат алып қалса да, жау әскері кейін шегінгенше ұрысты тоқтатпайды.

Тарихты парақтасақ, Екінші дүниежүзілік соғыста фашистік Германия әскеріне Францияны басып алу үшін 44 тәулік, Голландия мен Белгияны басып алу үшін бар жоғы 19 тәулік жеткілікті болса, Ленинград түбіндегі шайқас 900 тәулікке созылып, ақыры фашистік Германия мен Финляндия агрессорлары ойсырай жеңіліп, шегінуге мәжбүр болды. Осының нәтижесінде Ленинградтық фронт (қолбасшысы – Армия генералы, маршал Л.А.Говоров) Қ.Қаратышқановты «Ерлігі үшін» медалімен марапаттайды.

Ондағы мәліметтерге сүйенсек, атамыз Қарамен бірге радист, кіші сержант Яков Криворучко, 1-ші батальон атқышы Владимир



Пулеметчик 1 стр. батальона рядового Каратышканова Кара за то, что он в боях за деревни Кямполя и Репола под сильным огнем противника продвигался вперед и из своего пулемета сбил три кукушки. При преследовании противника вел интенсивный пулеметный огонь по отступающим колоннам противника. Будучи раненный оставался в строю до выполнения боевой задачи.

1899 года рождения, казах, беспартийного, призванного в Красную армию 22.9.43 г., Кустанайским РВК, Кустанайской области. Ранений и наград не имеет. Домашний адрес:

ралы деректер табылады. Ол жобада 425 мыңнан астам мұрағат, Қызыл Әскер құрамында болған 18 миллион адам жайында деректер сақталған екен.

Қара Қаратышқанов 1943 жылы, 22 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысының Заречный елді мекенінен әскерге шақыртылады. Біршама уақыт Челябиндегі пулеметшілер даярлайтын оқу-жаттығу жиындарында болады. Ал 1944 жылдың 22 қаңтарында 382 атқыштар дивизиясына қарасты 1269 әскери полкке келіп қосылады. Пулеметші Қаратышқановтың әскери ұрыс қимылдары 16 ақпанда басталыпты. Ол Фин шығанағынан асып, Ленинград бағытында болған ұрысқа қатысады. Сол уақытта дұшпанның 50-ге тарта дивизиясы талқандалды. Осымен бір мезетте фин әскерлері Карель мойнағында Петрозаводскке қарай шабуылға шықты. Жау шабуылына тосқауыл ретінде қаланы қоршай салынған қорғаныс шептерінің жалпы ұзындығы 900 км-ге жетті. Содан кейін ол Атлант мұхитының бір сағасы Ильмен өзенінен өтіп, Теребутица, Вешка, Косицкое бойында шайқасады. Қатардағы атқыш Қара Қаратышқанов фин жеріндегі Кямполь және Репола ауылдарының маңында ерлік көрсеткен. Жау шабуылына қарсы шығып, өз пулеметімен үш «Ку-

Казанов та осы медальмен мадақталған.


22 маусым 1944 жыл. Ленинград майданының әскері Выборгты толықтай азат етті. Атамыз осы шайқаста қаза табады. Ленинград облысына қарасты Рикала-Вуари бөлімшесінің шығыс бағытында жерленген.

«Қара қағаз» деген атпен ел есінде қалған жансыз парақтағы ақпарат аядай ауылға лезде таралып үлгеретін. Тіпті, сол кездерде «қара қағаз» келіп, кейін еліне аман-есен оралған майдангерлер де аз емес. Қариндер әулеті осыған үміттенді. 1944 жылы елге жіберілген «қара қағаз» белгісіз себептермен Дәметкен әкемізге жетпейді.

Дегенмен, ұлдары Берік пен Қайыркеннің аманатын немере-шөберелері орындады. Қара Қаратышқанов жайындағы деректер 70 жыл бойы сақталған екен. Ендігі міндет қаншама жыл бойғы көздеген мақсат – ата қабірінің басына барып, топырақ салу болмақ.

СУРЕТТЕ: пулеметші Қара Қаратышқанов (бас киімсіз), 1944 ж; 70 жыл сақталған «қара қағаз»; Жауынгердің соғыстағы іс-қимылдары.

Суреттер мен мәліметтер <https://pamyat-naroda.ru/> сайтынан алынды.



● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ



Тағы да көктем келді...

Мнауара
ҚАБДРАХМЕТОВА

Тағы да көктем келді. Айнала жасыл желекке оранып, тал-теректер бұр жарды. Көктемнің көпке ортақ тамаша мерекелерінің бірі – Жеңіс күні келді. Аға буын өкілдерінің өшпес ерлігі мен еңбегінің жемісі – Ұлы Жеңістің 71 жылдығы мерекесіне жете алмай кеткен ардагерлер де бар...

Жаутандап қарап дала тұр...

...Өткен жылы біздің ауылдың тумасы, соғыс және еңбек ардагері, Меңдіқара ауданының құрметті азаматы Қажы Маманов дүниеден озды. Астана қаласында өткен Жеңістің 70 жылдығына арналған парадқа қатысқан Қажы ағайдың Жеңіс күнін соңғы рет тойлағанын білмеппіз.

Ол – ауылдастарының ақылшысы еді. Ауыл ақсақалдарының ұйымдастыруымен 2009 жылы 21 маусым күні Меңдіқара ауданындағы Төлеңгіт ауылында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға ескерткіш тақта орнатылып, шет жерде қалған есіл ерлерге құрмет, жастарға үлгі-өнеге боларлық іс-шара өткізілді. Сонда Қажы ағамыз: « Біз, аға ұрпақтың міндеті – кейінгі жастарға аталарының кім екенін айту, олардың есімі елдің есінде сақталуы тиіс, сақталады да. Арманда кеткен ағаларымыздың, аталарымыздың рухын осы жерде жатқан бауырларының, ауылдастарының рухымен табыстырып, әруақтар алдындағы бір парызымызды өтедік деп ойлаймын», – деп толқып сөз сөйлеген еді. Шежіре қарт мәрмәр тасқа есімдері ойылып жазылған боздақтар туралы бұған дейін беймәлім болып келген көптеген мәліметтерді жария етті.

Ауылдағы мектептің 70 жылдығын атап өтуге мұрындық болғандардың бірі Қажы ағамыз болатын. Мектепте өткен жиында 70 жылдық тарихы бар мектептің қалай құрылғаны, 1943 жылдың жазында Ұзынағаш жетіжылдық мектебін Төлеңгітке көшіру жөнінде жиналыстың хаттамасын өзі толтырғаны жайлы әңгімелеп берген еді. Ол үлкен отбасының ұйытқысы ғана емес, туған жерінің адал перзенті, елінің құрметті ақсақалы болды. Жылда ауылда әруақтарға арнап ас бергенде үлкен-кішінің басын қосып, ақыл айтып, жөн сілтеп отыратын.

Өткен жылдың тағы бір өкініші, Қажы ағаймен осындай өнегелі іс-шаралардың басы-қасында жүрген ауылымыздың



қадірлі ақсақалы, талай шәкірттің жүрегінде өшпес із қалдырған ұлағатты ұстаз, көпке сыйлы ағайымыз Әлмұқан Көшмырзаұлы да өмірден озды. Төрге отырғызып, құрмет көрсетер, көпті көрген батәгей қарияларымыз енді арамызда жоқ. Олардың қазасына әулеттері ғана емес, ауыл түгел қайғырды.

Соғыстан қайтқан солдаттар...

...Майдангерлер қашанда елінің жадында. Бір ғана Төлеңгіт ауылынан 55 азамат қан майданға аттанды. Олардың ішінде Отан үшін от кешіп, еліне жеңіспен оралғандары да, қырғын соғыста қаза тапқандары да, хабарсыз кеткендері де бар. Жеңіске жетуге елеулі үлес қосқан ауылдастарымыздың көбі 1939 жылы, кейінгілері соғыс жылдары әскер қатарына шақырылған. Қыршынынан қиылған жастардың көбінің соңында ұрпақ та қалмады. Туған жерден

бір уыс топырақ бұйырмаған сарбаздар Абдырахым Арғынбаев, Қасым Ахметов, Қалихан Әуесханұлы, Қамажан Баймағанбетов, Сейітқали Жансеитов, Оразақ Самұратов, Қасым Қапышев, Қалыбай Қапышев, Шама Жүнісов, Дайыр Дәрібаев соғыс өткен Ресей қалаларында, майдан даласында жерленген. Ал қатардағы жауынгерлер Молдабай Дакин, Әуесхан Едресов, Кенжеғұл Ерішев, Темірғали Ержанов, Топыш Ерсейтов, Нұғыман Жанғабайов, Мырзахмет Қалиев, Рақымжан Қапенов, Жүніс Маманов, Қабдеш Сәрсенбаев, Әбекен Сәдуақасов, Әбіл Сүйеубаев, Серікбай Сүйеубаев және Қабдолла Төлегенов соғыста хабарсыз кеткен. Майданға аттанған Бекіш Жансеитов, Сидық Үмбетов, Қасым Қосақбайұлы туралы толық дерек жоқ.

Біз мектепте оқып жүргенде соғыс ардагерлерімен кездесулер өтетін. Майдангерлер кеуделеріне жарқыратып орден, медальдарын тағып келетін. Соғыстан елге Жеңіспен оралған майдангерлер сол бір қиын кезең, соғыстағы халқымыздың ерлігі туралы айтып беретін. Бәті Болатов, Нұртай Досмағамбетов, Әбіш Есекеев, Қожақ Ибраев, Еслям Кендірбаев, Серікжан Қалияров, Мұса Құснетов, Мұқаш Мәулетов, Құрмаш Нұрқанов, Нұрғали Нуркин, Сапа Сұлтанов, Қаратай Сұлтанов сияқты соғыстан аман оралған солдаттарды көзіміз көрді. Олар соғыстан соң да елі үшін аянбай еңбек етті. Біз үлкендерді үлгі-өнеге тұтып, сыйлап өстік. Олардың қатары жылдан-жылға азая берді...

Қазір біздің ауылда соғыс ардагерлері болмаса да, олардың өмірін жалғастырып жатқан балалары, немере-шөберелері бар. «Отанын жаудан қорғаған майдангердің ұрпағымыз», – деп мақтанышпен айтатын ұрпағы тұрғанда ешкім де, ешқашан да ұмытылмасы анық.

«Бұл – мереке шаттандырып, жылатқан...»

...Қалыптасқан дәстүр бойынша жылда Жеңіс саябағына барамыз. Әдеттегідей ардагерлер бастаған шеруді күтеміз. Топтың алдында Қажы ағамыз келе жататын...

Қажы ағай әкемнің құрдасы еді. «Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» дегендей, ағайды көрсем, әкемді көргендей болушы едім. Менің әкем Смағұл Қабдрахметов Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер

емес. Дегенмен, біз үшін 9 мамыр ерекше күн, отбасылық мереке. Әкем бұл мерекені асыға күтетін. Ол өзінің соғыс жылдарында тылда еңбек етіп, Жеңіске аз да болса үлес қосқанын мақтан ететін.

Әкем 1928 жылы туған. Ол соғыс басталғанда небәрі он үш жаста еді. Қазіргі он үш жасар балаларға қарасам, соғыс жылдарындағы балаларға қандай ауыртпалық түскенін жан-жүрегіммен сезінемін. Әкем біздің ауылға жақын көршілес Қорған облысының Прорыв колхозында орыс мектебінде оқыған. «Алдымен атқосшы болдым, кейін есепке жүйрік болғандықтан ауылда есепшінің жұмысын істедім», – дейтін. Ауылда қалғандардың бәрі ішсе тамаққа, кісе киімге жарымай жүріп, майданға керектінің бәрін жеткізіп, жеңіске зор үлес қосты. Олардың бұл еңбегі еленбей қалған жоқ. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталғанда әкемнің қуанғаны әлі есімде.

Жеңіс күні – көңілдерге қуаныш пен мұң сыйлайтын мереке. Бұл күн біз үшін күнтізбедегі ерекше күн. Солдай болып қала береді де.

...Қалыптасқан дәстүр бойынша биыл да Жеңіс саябағына барамыз. Әдеттегідей ардагерлер бастаған шеруді күтеміз. «Топтың алдында келе жатушы еді», – деп Қажы ағайымызды еске аламыз...

...Тағы да көктем келді. Тағы да Жеңіс күні келді. Мерекенің сәні болған майдангерлеріміздің қатары сиреп бара жатқаны жанға батады. Абайша айтқанда: «алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер». Інілері ағалар салған ізбен жүріп, елді бастар азаматтар да табылар. Өмір осылай жалғаса берер. Дегенмен, «Әр заманның үлгісі өзіне қымбат». Туған ауылдың иесі де, киесі де бола білген қарттарды, елімізді, жерімізді сақтап қалған ардагерлерді Жеңіс күні сайын ауылдастары еске алары анық. Олардың рухтарына бас иіп, тағзым ету кейінгі ұрпақтың парызы болып қала бермек...

● ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Соғыс ардагеріне қол ұшын созды

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Жеңіс күні қарсаңында «Нұр Отан» партиясы Сарыкөл аудандық филиалының «Жас Отан» жастар қанаты бөлімінің белсенділері «Ардагерлерді ардақтайық!» акциясы аясында ҰОС-ның ардагеріне қол ұшын созды.

Алдымен, колледж студенттері Павел Дмитриевич Черепакхиннің қал-жағдайын сұрап, одан кейін үйінің маңайын жинап, қоқыстарды төкті. Сондай-ақ, өскелең ұрпақ майдангердің өмір жолы

жайында әңгімесін тыңдады. Ардагер ата өзінің қан майданға қалай тап болғанын, жеңіске қалай жеткендерін, қысқасы соғыс уақытындағы сұрапыл тұстардан сыр шертті. Балалардың бұл ісіне көңілі

марқайған майдангер ата әңгіме соңында өзінің сан алуан наградаларын да көрсетті. Ал, бұл жүздесуден ерекше әсер алған балалар болса, өздерінің қалта телефондарының нөмірін қалдырып, көмек қажет болған жағдайда хабарласуын өтінді.

– «Біз, Павел Дмитриевичтің әңгімесін аса қызығушылықпен тыңдадық. Өйткені, аға ұрпаққа көңіл аудару – басты міндетіміз. Жалпы, осындай ардагерлердің өмірлік тәжірибесі біздерді



ерлікке, Отанға деген сүйіспеншілік сезімімізді арттыра түседі, – дейді «Жас Отан»

ЖҚ бөлімінің басшысы Талғат Жауғаштин.

Сарыкөл ауданы.

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Берлинге жеткен бір қазақ

Алдаберген Қасқаұлы туралы сөз

Жылдар жылжып өткен сайын Ұлы Отан соғысы кезінде от пен оқтың ортасында жүрген, ел мен жер үшін жаумен шайқасқан ардагерлер қатары, өкінішке қарай, азаюда. Үстіміздегі жылы – Ұлы Жеңістің 71 жылдығы. Бұл қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық ұлы күн болып қалады. Әуликөл ауданында бүгінде Алланың қолдауымен, тағдырдың жазуымен соғыстан аман-есен оралып, бейбіт өмірдегі қайнаған еңбектің бел ортасынан табылып, жас ұрпақтың саналы тәрбие алуына өлшеусіз еңбек сіңірген сегіз Ұлы Отан соғысының ардагері тұрып жатыр. Олардың алды үстіміздегі жылы 95 және 90 жасқа толмақшы.

Жаратылысынан адамгершілігі жоғары, көпшіл, елдің тілеуін, халықтың тыныштығын тілейтін елге сыйлы ардақты ақсақал Алдаберген Қаскин сәуір айының 12-ші жұлдызында тоқсан жасқа толды. Алланың берген қуаты болар, тың, санасы сергек. Мерейтойы қарсаңында жеңісті жақындатқан батырдың естеліктерін тыңдадық.

– Мен 1926 жылы Сарықопа болысы, Торғай уезіне қарайтын Қоңыраулы өзенінің бойында Саға деген жерде тудым. Әкем Қасқа Бейсенбайұлы бай тұқымынан болғандықтан, 1928 жылы ағайым Нұрхан екеуін мал-мүлкін көмеспекелеу, өздерін жер аударады. Әкем жолда, Медет (Көк иық) деген жерде, қазіргі Талапкер ауылының маңында, ағасы да сол жерде қайтыс болыпты. Ал анам Үкітай Қобланқызы аштықтан көз жұмды. Үш жасымда әкеден де, шешеден де айырылып, нағыз жетім атандым. Отбасында он бес бала болдық, ең кенжесі – мен. Апам Жөкен де, мен де Торғай және Қостанайдағы жетім балалар үйінде өстік. Кейіннен Бәшер ағам мені өзер іздеп тауып алып кетті. Елді сағынып, мауқымды басып алып, колхоздың жұмысына араластым, – деп бір күрсініп алды Алдаберген аға.

1941 жылы бейбіт жатқан елімізге фашистік Германия тұтқиылдан соғыс ашты. Сұм соғыс кәрі-жас деп талғамады. Қолына қару ұстатып елді, жерді қорғап қалуға қан майданға аттандырды. 1943 жылдың қазан айында 17 жастағы өрімдей Алдабергенге де көзек келеді. Торғайдың военкоматынан 30 адам түйемен он бес күн жүріп, Аманқарағайға келеді. Сол күні жүк тиейтін пойызбен Шұбаркөлге жөнелтіледі. Мұнда болашақ солдаттарды әскерге дайындайды, әскери форма беріп, мылтық атуды үйретті. Тамағы нашар болғандықтан, көп солдаттар аштыққа шыдай алмай қашып кетеді,

суыққа тоңып өлгендері қаншама. Неге екені белгісіз, солдаттарды майданға жіберуге асықпай, қинайды. Қиыншылық көрген солдаттар "бізді соғысқа жіберіңдер" деп наразылық білдіргеннен кейін ғана жағдай жөнделеді. 1944 жылдың наурыз айында соғысқа кіріседі. Жүк пойызбен бес күндей жүріп Белоруссияның Минск қаласына жетеді. Немістер бұл қаланы 1941 жылы басып алған болатын. Кеңес әскері келгенде немістер қаланы тастап кетіп жатқандай болады, бірақ, бомбалау тоқтамапты. Жаумен Минскіде бес күндей соғысады. Бірге келген көп солдаттар кескілескен шайқаста жан тапсырады. Майдангер 2-ші Белорус майданы құрамында үнемі алғы шепте жүріп Белоруссияны, Литваны жаудан азат етуге қатысты. Ең ауыры Одер өзенінен өту болады. Резеңке баллон, бөренелерге тақтай төсеп түнде өтеді. Бірақ Алдаберген сол жерде ауыр жараланып, госпитальға түседі. Емделіп қайтадан майданға аттанады. Бұл кеңес әскерлерінің немістерді жеңе бастаған кезі еді. Олар маршал Жуковтың бұйрығымен Берлин қаласына шабуыл жасауға дайындалады. Ол үшін немістің шекарасы арқылы көптеген қалаларды басып алу керек. Осылайша, Германияның Данциг, Брецлау, Росток қалалары жаудан азат етілді. Бұл шабуылды "Генеральный штурм" деп атады. Жеңіс күніне дейін Берлинге жеткен полкқа генерал Рокоссовский келіп, фашистік Германияны жеңгенді хабарлайды. Жеңіс күнінің әрбір сәті қарт жауынгердің жадынан шыққан емес. Ол қанды, қаралы күндер аяқталса да еліне бірден қайтпай, 1950 жылға дейін Германияда әскери салада қызметке қалдырылады. Соғыс аяқталса да минаның жарылуы, атыс тоқтаған емес. Әлі өсінде, соғыстан кейін тірі қалып, қашып жүрген немістерді іздегендері. Олар қулыққа көшіп, мал бағатын бақ-

ташы киімімен жүрген жерінен ұсталады, ішінде майор шеніндегі офицер де болыпты. Елуінші жылдың басында Кеңес Одағы шекарасына келіп, Армения, Грузия жерінде болды. Тек сол жылдың 10 сәуірінде Әндіжан қаласынан әскери міндетін толық аяқтап, аман-есен елге оралады.

Алдаберген Қасқаұлымен бір полкта қостанайлықтар Мұхтар Дәуенов, Қоқай Әлмағанбетов, Әбсалық Қарабалин, Серікбай Базарбаевтар қызмет етті. "Қазақта қырық жыл қырғын келсе де, ажалсыз аман қалады" деген дана сөз бар. Ардагер соғыста үш рет жараланса да аман қалады. Қан майдандағы көрсеткен ерлігі жоғары бағаланып, II дәрежелі "Ұлы Отан соғысы", "Қызыл Жұлдыз" ордендерімен және Ұлы Жеңістің әр жылдардағы мерекелік медальдарымен марапатталған. Мұның сыртында полк, дивизия қолбасшыларынан алған алғыстары өз алдына.

Алдаберген аға елге аман-есен оралғаннан кейін қызу еңбекке араласады. Жиырма бес жасқа келгенше үйленбейді. Аға мен апаның қосылуының өзі бір тарих. Бұл сауапты істі Қызбелде тұратын апасы мен жездесі қолға алады. Сол ауылда тұратын әкесі соғыстан оралмаған, екі қызын тәрбиелеп отырған елге сыйлы Алтын деген апайдың үлбіреген аппақ сұлуын көздестіреді. Жігіт қазан басында тамақ пісіріп жүрген болашақ жарының қасына жетіп барады. Бірден батылданып "мен сені көптен бері ұнатамын, қаласаң, машинаға мін, алып қашамын" дейді. Жәмила да қарсы болмай, жігіттің соңынан ереді. Осылайша, екеуі Алла тағаланың қалауымен 1953 жылдың қоңыр күзінде қол ұстасып, болашаққа бірге аттанады. Ағай елуінші



отыздай немере, жиырма шақты шөбере ата-әжесінің байлығы. Қария қырғын соғыстан аман-есен елге келіп, артына мұра қалдырар ұрпақ өсіргенін айтады. Өмірімің қызығы да, мағынасы да осылар дейді мақтаныш сезіммен.

Көненің көзіндей тірі аңызға айналған Алдаберген Қасқаұлы бүгінгі бейбіт заман мен тоқшылық өмірге тәуба етеді. Өткен күндер естелігі көкірегінде сайрап тұрған ардагер мектептерге барып оқушылармен кездесіп, жас буын өкілдеріне бүгінгі ұрпақ бақытты балалығынан, жалындаған жастық шағынан айрылмасын деген тілегін айтып, батасын береді. Әрі үлкендер көрген қиындықты сендер көрмеңдер. Енді соғыс болмасын. Ата-баба аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел болдық, жас ұрпақты ата-баба аманат еткен жерді көзінің қарашығындай сақтауға, Отанын сүйетін патриот болуға шақырады. Жақсы оқып, ұстаздарыңды тыңдаңдар деген сөзінен айныған емес.

Осындай жаны жайсаң, көпті көрген көненің көзіндей қарияның арамызда жүргені қандай жақсы, олардың өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Ардагер аға балалық шағы, жүріп өткен өмір жолы, отбасы туралы естеліктері мен ой толғаулары туралы "Тағылымды ғұмыр" атты кітап жазды. Сол туындысында аға былайша толғанады: "Мен өмірге құштар адаммын, әлі де көппен бірге болып біреуге жақсылық жасағым келіп тұрады. Газет оқып, теледидар көріп елдің өмірін жіті қадағалап отырамын. Кітап оқып, балалар сөзін, шешендік сөздерді жинаймын. Сапарларға шығып туған елімді таниудан жалықпаймын. Түрлі кездесулерден, жиналыстардан қалмаймын. Бұған да шүкіршілік етемін. Егер аз да болса елге пайдам тисе, қуанамын. Қара бастың қамын ойлау – өзіңді де, еліңді де көгертпейді. Адамның барлық ниеті жерге деген, елге деген сүйіспеншіліктен тұруы керек. Осы қасиеттерден айрылмасаң, сен адамгершіліктің ақ жолынан айнамайсың".

Көп жасап, көпті көрген, жүрегі шежіреге толы қарияның тағылымы мол. Сүйегі асыл жан аудан көлемінде өтетін барлық мейрамдардан қалмайды, батагөй қария. Ақсақал былтыр Астанада өткен Жеңістің 70 жылдығына арналған шеруге де қатысып келген болатын.

Біз де тоқсанды бағындырған, елдің сыйлы қариясы, Ұлы Отан соғысының ардагері Алдаберген Қасқаұлы мерейтойымен құттықтай отырып, мықты денсаулық тілеп, жұбайы Ақбала Қыдырқызымен бірге ұрпағының қызығын көрсін, Алла тағала қуат берсін деген тілегімізді білдіреміз.

Жұмакүл САТЫБАЛДИНА.
Әуликөл ауданы.



«Қостанай таңының» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы

● БӘРЕКЕЛДІ!



Бүгінгі санда:

Дос керек



12-бет

Іскер
әйелдің игі ісі



14-бет

Көз
үйренген, қол
жаттыққан кәсіп




17-бет

Жүлделі
оралды



18-бет



Алтынайдың арманы

Жанкелдин ауданы
Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің
оқушысы Алтынай Жаңабай Ресейдің Че-
лябі қаласында өткен «Хрустальная капель»
халықаралық фестиваль – конкурсында Ш.Қал-
даяқовтың «Отырардағы той», С.Бәйтере-
ковтің «Күнге табыну» әндерін орындап,
«Гран-при» иегері атанды.

– Алтынай үш жа-
сынан ән айтуға бейім бола-
тын. Оңашада ыңылдап өлең
айтып, балалардан оқшалау
ойнайтын. Көрші маңайдан
музыканың дауысын естісе,
сол жаққа елеңдеп, сол жерге
баруға асығып, құрақ ұшып
тұратын. Балабақшаға алғаш
барғанда кішкентай бүлдір-
шіндер арасындағы сайыс-
тарға қатысып, жеңімпаз
атанғандағы мақтау қағазын
көрсетіп, қатты қуанғаны әлі
күнге көз алдымда. Сонда
маған «анашым мен өскенде
әнші боламын» деп айтқан

сөзін
қызым
бүгінгі күні
дәлелдеді. Бала
күнгі арманы алдамапты.
Қазір мектеп қабырғасында
оқып жүр. Облыстық, рес-
публикалық, халықаралық
байқауларда өнер көрсетіп,
жеңімпаз атанып жүр. Тіл –
көзім тасқа, қызымның бо-
лашағынан зор үміт күтемін.
Алтынайымның осындай
дәрежеге жетуіне септігін ти-
гізген өнер мектебінің ұжы-
мына, соның ішінде ұстазы
Бибігүл Сұлтановаға алғысым
шексіз», – деп анасы Гүлжа-
нат Мұратқызы ағынан жа-
рылды.

Алтынай Ерікқызы

осы фестивальдан алған
әсерімен бөлісті. Өзіне
жақын құрбы да тауып алып-
ты. Оның есімі Диана Ғалы-
мова. Аталмыш конкурстың
«Көркем шеберлігі» бөлімі
бойынша Қостанай қала-
сынан келген екен. Алтынай
сөз арасында діттеген ар-
маны біртіндеп орындалып
жатқандығын да жасырған
жоқ. Алла бұйырса әлі та-
лай биік белестерді бағын-
дыруға да талпынысы күшті.
Әрине, біз оған тілекшіміз.
Бұған дейін де Алтынайдың
жеткен жетістіктері өте көп.
Айтпақшы, Челябин қаласын-
дағы өнер жанапырлары
Алтынайдың ата-анасына,
өнер мектебінің мұғалімі
Мәдина Оразалинаға, үнемі
көмек қолын созып, демеу-
шілік жасап жүрген «Жастар
ресурстар орталығының»
бөлім басшысы Айбек Мұ-
хатовқа ризашылық сезім-
дерін жолдап, «Synerdy»
ғылыми-білім беру орта-
лығының арнайы алғыста-



рымен марапаттапты.

Біз де Алтынайдың жет-
кен жетістігіне ортақтасып,
өнер жолындағы шығар-
машылығына тілектесті-
гімізді білдіреміз. Бағы
жанып, шоқтығы биік жұл-
дызды әншілердің қатарынан
көрінетініне сеніміміз мол.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.
Жанкелдин ауданы.




Ұлы жеңіс оңайлықпен келмеді!

Соғыс жылы бәрін де мұң кернеді,
Байғұс ана жас баласын тербеді.
Мен білемін, біздің қазақ еліне,
Ұлы жеңіс оңайлықпен келмеді.
Жауға деген өшпенділік сөнбеді,
Біздің қазақ ешнәрсеге көнбеді.
Сол соғыста үлкен ерлік көрсетіп,
Қазағымның ұл-қыздары ерледі.
Жауымызға қазақ елі сенбеді,
Сол үшін де «ата жауым сен» деді.
Қарсы шыққан неміс-фашист зұлымға
Мына бізді жеңе алмады, жеңбеді.
71-ге бүгін Жеңіс келді енді,
Осылайша жеңіс туы төрге енді.
Қайталауға жалықпаймын, біліңдер,
Бізге Жеңіс оңайлықпен келмеді.

Гүлдана ҚОНЫСБЕК,
№7 орта мектебі.

Рудный қаласы.



Айналам толы мақтаныш,
Барады бәрі жайрандап.

Мамырым шуақ таратқан,
Бойымды кетті қыздырып.
Нәзік күш бермен қаратқан,
Осал ең неткен ызғырық.

О, Күнім, адал, ақ балаң,
Жақындап едің гүлдедік.
Арқасын саған қақтаған,
Сұм жылан жайлы білмедік.

Өз үнім келді құлаққа,
Осы ғой менің керегім.
Шаттығым шалқар бірақ та,
Белгісіз не сый берерің.

Мен тұрмын бір зат аңғарған,
Көкейде аз-мұз сыз қалып.
Ниегі қара жандардан,
Ақ шуағыңды қызғанып.

Тоғайбай БАБЫР.

Кеудемде шымыр шаттаныс,
Қиялым кетті сайрандап.

Көктем-қонақ

Сұлулық – сән сен тараттың қыздарға,
Бой түзеуде тек өзіңе ұқсауға.
Көктем-шуақ келбетіңнен жасқанып,
Жылыстады сайға қарай мұз, қар да.

Сен дарыттың жастық жігер жігітке,
Жетеледің сәулелі арман, үмітке.
Дүние-диірмен шыр айналып құлпырды,
Алпауыт күш алып келдің тірлікке.

Қиял-сұңқар шартарапты шарлайды,
Сенсіз көктем өмірде сән қалмайды.
Сағындырып, табындырып әлемді,
Үміт жібін келер күнге жалғайды.

Бөледің-ау жер-ананы жасылға,
Толып кетті айналам кіл асылға.
Ұқсап кетер сендегі бұл әсемдік,
Инжу, маржан, гауһар, ақық, лағылға.

Көктем-қонақ келді біздің жерге де,
Жыр-сәйгүлік байлауыт тұр кермеге.
Қонақ сыйы – қазы- қарта, жал-жая,
Тізіліп тұр дастарханда көр, міне.

Е.СЕРІКБАЕВ.

Қашар кенті,
Рудный қаласы.

НОВЕЛЛА



болыпты. Кешегі төрдегі басымды көрге сүйреген достарым-ау! Жақсы күндерді еске алып уанайын ба? Әлде көзімнен жас емес, қан сорғалап жылайын ба? Қайтейін, тас қабырғаны тепкілеп, айғайлап бар шындықты айтсам да, мені естір құлақ жоқ. Әділдікті ту етіп ұстар бір досым жоқ...

Адалдықтың ақ туын құлатпауды, адамгершілік қасиеттерді сақтауды, ел-жұртқа қол ұшын беріп көмектесуді мақсат тұтып едім. Біріне көлік сыйлап, біріне үй салып бердім. Маңайымдағылардың бір-бірімен танысып, табыстырып жора-жолдас дос болуларына себепкер болдым. «Жаман бергенін

сондай достарға қолың да, бойың да, ойың да жетпей жүрме еді? Барлық мұңымды да, сырымды да саған ақтарып қызық қуанышымды бөлісіп, бірге жүруші едім ғой...

Темір есік сықырлап ашылды. «Мұқанов» деген зілді дауыс естілді. Сыртқа шықтым, ұзын сұр дәлізбен жүріп келемін. Бастықтың кабинетіне кірдік, адам баласының бетіне қарар жүзім жоқ, айыбым күшті жанмын ғой. Төмен қарап еденге тесіліп, егіліп тұрмын. Іштей тағы қандай қорлық пен зорлық көрер екенмін деген сан ой санамды тесіп, еңсеп езіліп кетті. Кенет «Аслан!» деп біреу құшақтай алды.

– Досым-ау, досым-ау мен сенімен кездесу үшін елден келдім. Осы уақытқа дейін сен үшін ашаған есігім, сөйлеспеген адамым жоқ. Кешір досым, бүгін ғана осы кездесудің мүмкіндігі туды. Сенің жасқалығыңды, адамгершілік қасиетіңді ұмытқан жоқпын. Өткен, қолым қысқа болды.

Ол менің алдымда кінәлі жандай нәліп сөйлеп отыр. Енді таныдым, ауылда бірге жұмыс істеген досым Мақсат екен. Өзімнің бейшара кейіпімнен оның алдында жасып та қалдым. Бірақ әңгімесін естіп риза болып отырмын. Осы сәт сен тағы есіме түстің Жарас. Екеуіміз жарасып жүрген күндерде бұл досымды көбірек ұмытып кетіп едім. Бірақ екеуіңнің араларың қазір салыстырсаң, жер мен көктей екен. Сенің құзырлы органдармен сөйлесіп тіл табысар күшің бар еді. Бұл болса ауылда қалып кәсіппен айналысып, адал еңбегімен табыс тауып жүрген жан ғой. Мейлі, сол күні Мақсат досымның «сен адал-

сың, бұл тығырықтан да шығасың» деген сөздеріне менің әке-шешем отбасыма қарайласып жүрген істеріне риза болдым. Ол мені қайта-қайта бауырына басып, сендей досымды темір торға телміртіп қойсам мына кең дүние маған тарылып кетпей ме? Сенің жазықсыз екеніңді мен дәлелдеймін, сен оған сен деді. Оның әрбір сөзі жабырқау жаныма медет пен демеу болып құлап қалмауыма күш-қуат берді. Аман жүрші, досым!.. Есіме түсіп отыр, бір «игі жақсы достарыммен» шалқып-тасып кезекті бір жұмыстарымның мәселесін сәтті орындап, көлікте келе жатып қазақ радиосынан ән тыңдап, сені есіме алғаным бар еді. Көп болды, Жараспен хабарласпай кеттім, қолым тигенде міндетті түрде ауылға іздеп барайыншы деп ойлап ем. Содан көп өтпей шырғалаңның шырмауына ілігіп, осы жерде аяғыма тас байланғандай қозғала алмай отырмын. Дәл қазір сол ән көкірегімде сайрап тұр. Ән салуға шамам да жоқ қой, бірақ сен тыңдашы досым, қалай еді? Бұл дүниеде саған, досым-ау, саған, досым-ау ризамын, жәбір көріп айыпты боп қалғанда дос керек. Табаныңнан тайдырып қорлықпен қауаласа көп иттер, көк бөрідей қорған болар дос керек. Есімде қалғаны осы, осылай болуы керек. Тас түрменің қабырғасында қаңтарылған мен бейбақта ес бар ма? Әйтеуір досым, Жарас! Ризамын саған, ризамын!

Бұл өмірде байлық та, мәңсапта, атак пен даңқ та емес, шынайы дос керек!

Ләззат ҚАПЫШЕВА,
Қазақстанның мәдениет қайраткері.

ДОС КЕРЕК

Ризамын досым саған. Кеше ғана, иә, бәрі де кеше ғана еді ғой. Кең дүниенің ауасын көңілдене жұтып, өмірдің қызықты да жан ауыртар кездерін достарыммен бірге өткеріп жүргенім. Қайран да қайран, аңғал да адамға сенгіш басым-ай. Ақ ұлпа қардай шат-шадыман көңілім-ай. Бір сәтте кірледің-ау. Бәріне де ыза болдым. Достарымның қастық істеріне жаным мен тәнім ауырды. Ауырған жоқ, жүрегім соғып тұрғаны болмаса, жан дүнием өліп қалды. Оларға да керегі осы шығар, қуансын, таласын, талассын, бөліссін. Дәл қазір маған ештеңе де, ешкімнің де керегі жоқ. Риза шығар енді менің қайта тұрмастай соққы алып, есімнен талып, шала жансар күйде тар қапаста жатқаным. Кеше кім едім, ел сыйлаған арыстандай айбатты, қайратты, байқуатты азамат едім. Бүгін таланған итше жаны жараланған жан болдым....

Мені жазалаған да, арымды таптағандар да, жазғырып жала жапқандар да менің кешегі айрылмастай болып қасымда жүрген достарым! Бүгін мен осындай күйді кешкеніме алты айдың жүзі

Мен дәл қазір өзімді де ойлап отырған жоқпын, «еркек тоқты құрбандық» сатқын достарымның ұйымдастырған қастандығына да төзіп те көнермін. Хал-дәрменім жеткенше жыдармын. Бірақ, елде қалған кәрі ата-анамды ойласам, сұрапыл соғыстың ішінде жүргендей қалтырап, дірілдеймін. Өлімнен де қорықпаймын, оларды күйік дертіне салғаным жанға батады. Кеше ғана тату-тәтті береке-бірлік ұялаған отбасым ойран болды. Ер жетіп өсіп қалған құлдарым қалай жер басып өмір сүріп жүр екен... Адал едім, аңғал едім, осы күйге жеткеніме...

Сонау 90-шы жылдары қаңырап қалған қаланы, аңырап жансыз малсыз қалған бос ауылды, көгертіп, көктейтіп, жерге дән сеуіп кең далаға мал өсіріп, халыққа жұмыс беріп, табыс көзін ашып, елге игілікті іс жасаған жан едім. Шаруам дөңгеленіп, табысым молайған менің де жан-жақтан небір лауазымды достарыммен, жанашыр жақындарым көбейді. Кейде мақтап-мадақтаудан шаршап кетсем де, пенде емеспін бе? Өзімнің сондай керемет жан екеніме марқайып жүретін едім.

айтады» – деменіздер, сол жасаған жақсылықтарымының жамандық болып жыландай шағып, уы бойыма тарап бара жатқаны жаныма батып барады. «Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды» деген-ау, кешегі ағалап-көкелеп қасымда жүрген, мені күнде іздейтін іні-сымақтарым да іздемеді. Ойпыр-ай, бұл адамдарға не болып кетті? Бәрі де пенделіктен көре-алаушылық пақырлықтан аяқтан шалып, қаралап жамандаудан аса алмады ма? Осындай ойларымды кейде жинай алмай қиналып, қапаланамын. Басқа-басқа, жастық дәуренді бірге өткізіп, қасымда қырық жыл жүрген досым Жарас ше? Сенде періште-жан емес едің! Бірақ мен сені барлық кемшілік жаманда қасиеттеріңнен жақсы көріп сыйлаушы едім. Мына жұрт ұлардай шулап жер бетіндегі ең жаманы да қарақшы мен болып, сөгіп те, абыройымды төгіп те жатқанда бір ауыз жақсы сөз айтып ақтай алмадың. Әлде билік, мансап, байлық, шенді жандарға арбалып, көзің байланып тілің тартылып қалды ма? Оларды кеше ғана менің аркамда танып біліп едің ғой. Әлде,

Таласбек ӘСЕМҚҰЛОВ

Ұмытпасам, Василий Шукшиннің өңгімесі. Бір адам, әлде мүгедек пе, әлде жай мүскін пақыр ма, есімде жоқ, Отан соғысы кезінде деревняларды аралап гармонмен ән айтады. «Жалобные песни», яғни, бізше «Ғарызнама ән» деп аталатын көне, аянышты әуендер. Көбі майданнан қара қағаз алған әйелдер жылап отырып тыңдайды.

бүкіл әлемдегі бүгінгі тарихи космостың үлгісін қазақ және қазақ сияқты көшпенді халықтардың арғы бабалары қалыптастырғандығы. Ардагер заман аяқталып, тыным тапқан бүгіннің өзінде қазақ табиғатынан баяғы ер аталарының кейбір мінездері байқалып қалып отырады.

Міне, жоғарыда айтылған сентиментализм осы қазақтың мінездің биік үлгісі болып та-

жүрекпен тап басып айтып отыр. Шынында да солай. Бұл феномен ғылымда жан-жақты зерделенген. Әдетте, адам экрандағы тағдырды өз басындағы тағдырмен салыстырады. Сол себепті, 1960-шы жылдардағы көрермендердің дені Азамат соғысының ар жақ – бер жағында туғандар екенін, яғни, 20-шы ғасырдағы ең ауыр несібені татқандар

МЕЛОДРАМА

Осылайша аталмыш әнші халықтың жұбатушысына айналады. Соғыс аяқталғаннан кейін де ел-елді аралап күнін көреді. Арада біраз уақыт өтіп, халық есін жияды. Содан соң әншіге деген ықылас-пейіл де өзгере бастайды. Адам деген қызық қой. Бұл жерде жазушының бейнелеп отырғаны бір ғана тип болғанымен, өңгімедегі айтылған жайттардың бүкіл орыс мінезіне қатысы бар. Қиыншылық, нәубет кезінде ғана босап, жұмсарып, соғыс аяқталғаннан кейін өзінің қатал қалпын тапқан әлеуметтен көңілі қалған гармоншы ел аралап ән айтқанын қояды.

Біз бұл жерде В.Шукшиннің шеберлігін дәріптейік деп отырған жоқпыз. Өңгіме белгілі бір халықтың мінезінде бірнеше жыл бойы орын алған сентиментализм жайында. Өткеннің қайғысы бүгінгінің қайғысымен жалғасты, үндесті. Бірақ бұл ахуал көпке созылаған жоқ. Аз ғана уақыт тұрды да аяқталды. Ұшқынның жылт етіп өшкені сияқты.

Сондай-ақ, сентиментализм, табиғатына тұмысынан жұққан халықтар болады. Сондай халықтардың бірі – қазақ. Сәл-пәл түзетіп айтатын болсақ, қазақ жақсы мағынасындағы қайғылы, қасіретті халық. Жапон самурайларының әскери идеалы «Гүл менен семсер» («Меч и хризантема») деген жалғыз ауыз сөзбен анықталады. Яғни, жауынгердің жүрегі гүлдей нәзік, ал қолы семсердей қатты болуы керек деп баян етеді бұл идеал. Осындай серілік мұратты қазаққа да теліп айтуға болады. Дұшпан тауарих қалай былықтырса да бір нәрсе анық күйінде қалады. Ол – беріде Азиядағы, арыда – ат тұяғы жететін жердегі, жинақтап айтсақ –

былады. Қазақ сентиментализмі басқаның қайғысына иіле білуінен көрінеді.

Әлі есімде, 1960-шы жылдардың ортасы. Бұл кезде Үндістан мен Кеңес одағының арасы өте жақсы. Тиісінше, Кеңес одағында үнді фильмдері көп көрсетіледі. Раджа Капур өзі түсірген және басты рөлде өзі ойнаған әйгілі «Қаңғыбас» («Бродяга») фильмін осы бала кезімізде көріп едік. Содан соң, «Симледегі махаббат», «Тас пен гүл», «Анупама», «Зита мен Гита», «Кек пен заң»... толып жатыр. Ауылға әкеліп көрсететін әр үнді фильмі тұтас оқиға, үлкен құбылыс болып саналатын. Өтіп кеткеннен кейін де қаншама уақыт әлеуметтің талқылауында болушы еді. Адамдар шағын клубтан егіліп шығатын. Әйелдердің көздері бұлаудай, еркектерінің өздері елжіреп, босап қалатын. Ауылымызда Григорий Карпатов деген орыс бар еді. Фотограф болатын. Қазақ тілін қазақтың өзінен жақсы біледі. Сол кинодан жылап, тебіреніп шығып келе жатқан жұртты көріп ішек-сілесі қатып күлетін.

– Шіркін, кино көрсен, қазақтай көр, – дейтін.

Бірде той үстінде осының алдында ғана көрсетілген үнді фильмі талқыланды.

– Әй, айналайындар-ау, бұл, өмірде болмаған нәрсе ғой, – деген Григорий әйелдерге қарап, – оның несіне жылайсындар? Қызықсындар.

– Гришә, сен олай деме, – деді сол жерде отырған кемпірлердің бірі, – қазақ кеше не көрмеді? Қайғыны қайғы таниды. Осы отырғандардың көбі шерменде, тесік өкпе.

Григорий үнсіз қалды. Кейін ойлап отырсам, аты да есімде жоқ сол әжей нағыз сыншы екен. Оқу оқымаған, алайда сезім сырын

екенін ескеретін болсақ, онда атаған ұрпақтың үнді фильміне деген тебіренісінде тұрған ақылға сыймайтын ештеңе жоқ. Өрине, үндінің ол фильмдері өнердегі классификация бойынша ән аралас мелодрама деп аталады.

Ішіндегі көп нәрсе, ертегідегідей шартты түрде алынады, монтаждың орнына көп жағдайда ән пайдаланылады, бір схема фильмнен фильмге көшіп жүре береді. Осыдан келіп үнді фильмдері кейіпкерлерінің аттары ғана өзгеріп отыратын бір ғана спектакльді елестетеді. Бірақ, ауыл қазағының бұндай кілттипандарда не шаруасы бар? Ол әр барған сайын өз тағдырын жолықтырады, тағдырын жолықтырмаса – болмай қалған өзін көруге барады. Міне, үнді фильмі қазақ үшін осы мағынасымен құнды еді.

Біздің ұғымымызда үнді фильмі деген осы-тың. Ешқашан өзгермейтіндей, мәңгі осылай болатындай көрінетін. Бірақ, олай емес екен. Кейін киноның тарихымен айналыстық, киноэстетиканың қыр-сырына жетілдік. Оның сыртында түрлі фестивальдар кезінде өңіміз түглі түсімізге кірмеген шығармалармен ұшырас-тық. Осындай халықаралық кинокөрмелерде біз мүлдем басқа Үндістанмен таныстық. Бала кезімізде көрген кино мен кейін көрген киномыздың арасы жер мен көктей екен.

Өрине, мелодрама – мәңгі жанр. Үндістанда мелодрамалық фильмдер әлі күнге дейін түсіріледі, көрсетіледі. Алайда, сонымен қатар, үнді кинематографының үлкен ізгілік проблемаларын зерделей бастағаны, осы бағытта тұтас әулеттік мектептер қалыптасқаны көрінеді. Бұл бүгін ғана болған нәрсе емес.

Меңліахметтің өсиеті

Бауыржан Момышұлы естеліктерінде Қонаевтың әкесі Меңліахметтің баласына айтқан өсиеттерінен мынадай үзінділер келтіріліпті:

...Балам, билік басына келгенде қуанғанымнан қорыққаным басым болды. Мен әр оқыған намазымның соңында: «Уа, Алла тағалам, жер бетінде тыныштық орнатып, халқымды өсіріп-өндіре көр» – деп тілеумен келем, балам. Есіңде болсын, халық шын сүйген, шын ықыласы құлаған перзентіне өзінің сый-құрметімен, қасиетімен төрінен орын береді. Сен сондай құрметке, сенімге ие боп тұрсың. Енді сол құрмет пен сенімге лайық бол, мыжырайып, аласарма. Ар-намысыңды әрдайым таза ұста, оны бір кірлетсең, тазарта алмайсың.

Бақ-дәулет, ар-абырой, атақ-даңқ деген адамға шашының санына пара-пар даруы мүмкін. Абайламаса, соның бәрінен оның бес минутта-ақ айрылып қалуы ғажап емес.

...Адамның көкірегінде де көзі болады. Оның маңдайдағы көзінен көруі артық. Сен, мәселен, бір нәрсені қиялдап ойлап тұрып, көрмей-ақ қояйыншы деп көзіңді жұмсаң да, көкірегіңдегі көз оны көріп тұрады. Көрмейінші деп бір жаман қылығыңды еске түсіргің келмей безінсең, оны да көкірек көзің көреді. Ұмытқың келген қылықтарыңның бәрі саған аян, бұл – көкіректегі көздің құдіреті. Егер ол көз көрмесе, яғни басыңнан өткенді тәжірибе етіп пайдаланбай, ұмытатын болсаң, біреудің қайғысын көре тұрып теріс айналсаң, онда көркірек атанасың.

...Жолыңда қылымсыған күлімкөздер де кездесер. Олардан да сақтан. Қармағына түсіп қалсаң, өмірің өксікпен өтуі мүмкін. Оның түгі кетпейді. Сен ел бетіне тура қарай алмайтын қарабет болып шығасың. Неге десең, оның әке-шешесі, күйеуі, қайын атасы, қайын енесі, туыстары, нағашы жұрты, құда-жесекжаттары бар. Солар біліп қалса, бәріне жесексұрын боп, өзіңе көп жау тауып аласың. Ондай қарым-қатынасты жасарам деп ойлама, бәрібір бір күні ашылады. Ашылмаған күнде өз ұятыңның алдында не айтасың, Балам, таза жүріп, таза тұр. Ең құрығанда қасқыр құрлы ақылың болсын. Қасқыр апанының төңірегіндегі малға да, адамдарға да аштан өліп бара жатса да тимейді. Бірақ жақын маңдағы біреу оның апандағы күшігін алар болса, ол ауылдың астаң-кестеңін шығарады. Жолбике әйелдің кесепатынан осы тәрізді ауыр жағдайға ұшырап жүрме.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ.

Езу тартар

Атасы немересіне:

- Өскенде кім болғың келеді?
- Депутат.
- Әй, балам, одан да жұртқа пайдасы бар жұмыс істемейсің бе?

Лық толы автобуска әрең іліккен кемпірге ешкім орын бергісі келмейді. Сонда кемпір күбірлеп:

- Осы күні зиялы қауым қалмаған ба? – дейді. Сонда естіп қалған біреу:
- Әжетай, зиялы қауым автобуспен жүрмейді! – депті.

– Әке, күнтізбеде неге 8 наурызды қызыл түспен бояп қойған?

Сонда әкесі бір күрсініп алып: Бұл еркек атаулының қаны ғой, ұлым, – депті.

Көрші жігіттер кездесіп қалды:

– Өткенде бастығымыз қызметкерлер арасында шахматтан жарыс өткізді. Финалда бастықпен ойнадым.

- Кім жеңді?
- Мен
- Сыйлыққа не берді?
- Жұмыстан шығарып жіберді.

Қызметіне кетейін деп киініп күйеуі әйеліне:

- Е, күн бұлыңғыр, бүгін кешке құрығанда боран, не дауыл болады-ау деймін? – деп қалғанда, әйелі:
- Егер қаңғырмай, кешікпей үйге келсең, боран түгіл, үп еткен жел де тұрмайды, – деген екен.



Сүйіктіңізге, күйеуіңізге махаббатыңызды жеткізудің бір тәсілі – оны мақтау. Мақтауыңыз шынайы болу керек. Кез келген ісіне алғыс, өзіне мақтау сөздерді айтып жүрсеңіз, еріңізге майдай жағары сөзсіз. Сіз еріңізді қалай мақтайсыз?

Еріңіздің сымбатты екенін айтыңыз. Спортпен айналысатын болса, денелі, тұлғалы екенін жеткізіңіз. «Сіздің қорғаныңыз, арқа сүйер тірегіңіз» екенін жиі айту арқылы өзіңіздің әйелге тән нәзіктігіңізді, еркелігіңізді ұмыттырмайсыз. Орайы келсе, әңгіме арасында мақтап үйреніңіз және мақтаудың сәті түскен кездерді жіберіп алмаңыз. Әдейі жағыну үшін мақтағаныңыз кері әсерін береді және оны еркектер сезіп тұрады.

Достарыңыздың, туыстарыңыздың көзінше күйеуіңізді мақтап қойсаңыз, маркайып қалады. Әрі сізді одан сайын жақсы көріп кетуі әбден мүмкін.

Еріңізді мақтау араларыңыздағы сыйластықты арттырғанмен қоса, бір-біріңізді бағалауға үйретеді.

Күйеу үшін ең үлкен мақтау – сырт көздің әйелін мақтауы, оның жақсы жар, сұлу әйел, ақылды ана таңдағанын айтуы.

Күйеуіңізді шын көңілден мақтай біліңіз!

● БИЗНЕС ЛЕДИ

Іскер әйелдің үгі ісі

Сарыкөл ауданында өз ісімен биіктен көрініп, өзгелерге өнеге көрсетіп жүрген іскер әйелдер баршылық. Солардың бірі – Алтыншаш Өтетілеуова.

Алтыншаш Хаербекқызы – жеке кәсіпкер. Еңбексүйгіштігінің арқасында бұл салада біраз жылдан бері табысты тер төгіп келеді. Оның есімі тек іскерлігімен емес, қайырымдылық қасиетімен де сарыкөлдік қауымға етене таныс. Жалпы, жақсылық жасауға жаны құмар жан өзінен көмек сұрағандардың көңілін қалдырған емес. Қайта көбіне өзі көмекке зәру жандарды іздеп тауып, жәрдемдеседі. Ең бастысы, олардың жағдайларын сәл де болса жеңілдетуге тырысады. Қысқасы, қолдан келген көмегін аямайды.

Айталық, көктемнің алғашқы мерекесінде мақалаға арқау болған мейірімді жан тағы да қамқорлық көрсетті. Бұл жолы Барвин ауылын-



да тұратын ДЦП-мен ауыратын Аруна Бөлекпаваны арнайы іздеп барды. Балақайдың қал-жағдайын сұрап, оған сый-сияпаттарын тарту етті. Өзін іздейтін, қамқоршы жандардың барын көрген бүлдіршіннің жүзі бақыттан бал-бұл жайнады. Ал, оның әжесі болса, іскер әйелге ілтипатын білдірді.

Мінеки, осындай қайырымдылық жасауды дәстүрге айналдырған Алтыншаштай қайырымды жандардың бұл ісі – көпке үлгі.


Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

Одри Хепберннің көзқарасымен

Мына төмендегілер Одри Хепберннің: «Сіздің сұлулығыңыздың сыры неде?» – деген сұраққа жауап бергендері екен.

1. Еріндерім әдемі болсын десеніз – жылы сөздер айтыңыз.
2. Көздерім әдемі болсын десеніз – адамдардың жақсы жақтарын көре біліңіз.
3. Сыртқы пішімім сымбатты болсын десеніз – аш-жалаңаштармен тамағыңызды бөлісе біліңіз.
4. Шаштарым әдемі болсын десеніз – балаңызға күніне бір рет болсын саусақтарымен сипалатыңыз.



5. Өз-өзіңізге сенімді болу үшін еркез өзіңізді жалғыз емес екеніңізді біліп жүріңіз.

6. Адамдар заттарға қарағанда көбірек өзінің қайта қалпына келуін, оны кешіруін, мадақтауын т.б. қалайды. Ешқашан ешкімді (өміріңізден) «лақтырып тастамаңыз».

7. Естеріңізде болсын, егер бір күні сізге көмек керек болса, сіз оны бір-бірлеріңіздің қолдарыңыздан табасыздар. Есейе

келе сіз бір қолыңыз өзіңізге жәрдем үшін, ал екінші қолыңыз өзгелерге көмектесу үшін екенін ұғасыз.

8. Әйел әдемілігі оның киген киімінде емес, оның сымбаттылығы немесе шаш үлгісінде де емес. Әйел әдемілігі – оның көздерінде, өйткені, бұл оның махаббатқа толы жүрегіне апарар бірден-бір жол.

9. Жасы ұлғайған сайын әйел тек әдемілене түседі.

● ХАТ-ҚОРЖЫН

Енеме жақпай-ақ қойдым

Құрметті редакция! Өмір болған соң ащысы мен тәттісі қатар жүреді ғой. Адам өзінің ішкі сырын кейде ақтарып тұрмаса іштен тынады екен. Жан күйзелісімді анама ақтарып айттайын десем, батылым жетпейді әрі намыстанамын. Себебі, кезінде осы отбасыға келін болып түсерде ең алдымен анам қарсы болған еді, кейін мені үйге алып кеткенде де, өзім қайта қайынжұртыма оралдым. Күйеуімді қатты жақсы көргендіктен болар, бәріне көз жұма қарап отырғаным.

Жолдасым менен екі жасқа кіші. Бір-бірімізді жақсы көріп қосылдық. Басында бәрі жақсы бола-

тын. Өзім қаланың қызымын, ал жолдасым ауылдың жігіті. Қазір Қостанай ауданына қарасты бір ауылда тұрып жатырмыз. Жолдасым мені үйленбей тұрып өз отбасымен таныстыруға апарғанда-ақ енемнің мені бірден ұнатпағанын түсінген едім. Кейін құдалық болды, сол күні-ақ енем менің анама да ұнамаған болуы керек, «әй қызым-ай, енең адуынды кісі екен, бағың ашыла қойса жарар еді-ау» деген еді. «Мен бәрі жақсы болады» деп өзімді алдаусыраттым. Содан мені әке-шешем қазақы салт-дәстүрмен ұзатып, шығарып салды. Ал, жігіт жақта той екі айдан кейін

болатын болып келіскен едік, бірақ енемнің араласуымен той кейінге қалдырыла берді. Алты айдан кейін жүкті екенімді білдім, той да ұмытылды. Бірақ енем келген күннен мені түртпектеуін қоймады. Қалада туып-өскен мен бастапқыда ауылдың өміріне үйрене алмадым әрі қолдап, білмегенімді үйрететін, бағыт-бағдар беретін де ешкім болмады. Содан өзімде көрмеген сиырды да сауып үйрендім. Таң атпай күнде бес сиырды сауып, сүт тартамын, самаурынға шай қоямын. Үш мезгіл тамақ істеймін, кір жуып, үй жинау тағы бар, ағашты да өзім жарып ала беретін жағдайға жеттім. Жолдасым маған көмектесе бастаса болды, енем оны тыып тастайды. Үйде тұрмысқа шықпаған төрт бірдей қасқыр қайынапам бар, ал, жолдасым үйдің кенжесі әрі жалғыз ұлы. Қайынапаларым да

енеме қосылып алып, тілдерімен шағып, түйреп отырады. Сөйтіп жүріп, қызымды дүниеге әкелдім. Онда да енем тарапынан қолдау болмады. Баламды бағамын ба, үйдің тірлігін атқарамын ба, не болса да іштен тынып жүре бердім. Құр сүлдерімді көрген анам бастапқыда енеме байыппен түсіндіргендей болды. Бірақ, енем «істесе, келіндік міндетін атқарып жүр, жаның ашып бара жатса қызыңды алып кет» деп айғай-шу да шығарған еді. Содан кейін анам мені үйге алып кетті, бірақ көп ұзамай жолдасым жақсы көргендіктен бе, әлде енем мен қайынапаларыма мен сияқты күн керек болды ма, әйтеуір, мені көндіріп, қайтадан алып кетті. Анам маған бармауымды өтінді. Бірақ, тозақ сияқты өміріме өзім қайта оралдым. Бір жылдан кейін тағы да екінші қызымды өмірге әкелдім. Одан кейін «екі қызбен қайда ба-

рар дейсің бұл» дегендей, енем де, қайынапаларым да тіпті, күшейіп алды. Бүгінде денсаулығым да, жүйкем де сыр бере бастады.

Өзімнің әке-шешем оқыған, көзі ашық жандар, бізге үлкенге қарсы шықпауды, қарт кісілердің бетінен алмауды үйретті. Сондықтан да болар, енеме де, қайынапаларыма да бірауыз сөз айтып, қарсы шыққан емеспін. Әлі күнге дейін солай, отасқанымызға биыл төрт жыл болады, енемнің әлі жібітін түрі жоқ. Соншама не жазығым бар? Жолдасым да «шыда, анамның мінезі сондай, түбі сенің қадіріңді түсінетін болады әлі» деп мені әлі күнге шейін жұбатып келеді. Өзім осылай жалғаса берсе, мен жасымнан бұрын қартайып, өліп тынатын шығармын. Басым әбден қатты, не істеуге болады?

Динара.

Қостанай ауданы.



ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ

Сауатты сөйлеуді отбасында үйренейік

Баланы сөйлеу мәдениетіне, тіл тазалығына тәрбиелеу қазіргі алға қойған мақсаттардың бірі. Тіл тазалығы – халықтың жан дүниесінің айнасы. Біз қаншалықты сауатты сөйлейміз? Әжесі мен немересі, әке-шешесі мен баласы қазақша сөйлесе біртіндеп үйренер еді. Ата-анасы "Доченька, руки замараешь, на платочек", "Сынок, где ты? Иди домой" десе, ал "Қазір физ-ра. Звонокқа қанша қалды? Апай учительскаяда отырған. Планға жазу керек", – дегенді мұғалімдер тарапынан жиі естиміз. Осы сөйлемдерді қазақша айтудың еш қиындығы жоқ. Тіл тазалығы, сауатты сөйлеу күнделікті осындай қарым-қатынастан басталмай ма? Мектептегі қазақ тілі сабағында тапсырманы орындау, жаттығу түрлерін қазақша айтып жаттықтыруға болмас па еді. Жоқ, мұғалім міндетті түрде алдымен қазақшасын, содан кейін орысшасын айтады. Балалар түсінбейді дегенді сылтау етеді. Өрине, қиындықтан қашқан адам әрқашанда бір сылтау табады. Екі тілді араластырып сөйлеу барысында сауаттылық түгіл ойдың қаншалықты

толық айтылғанына күмән туады. Кейін аудармаға егі үйренген баланың тілге деген қызығушылығы біртіндеп төмендей бастайды, ол кінәні өзінен емес басқадан іздей бастайды, "мені үйретпеген анам, мұғалімім", "өскен ортам орыс болды", т.б. Ал тіл сауаттылығы адамның өзінен басталады.

Тағы бір өкінішті жайт, өз тілін баласы мен немересіне үйрете алмаған ата-ана репетитордың көмегіне жүгінеді. Аптасына 2 сағат қазақша сөйлегенімен бала ойын толық жеткізе алмайды. М.Жұмабаевтың сөзімен айтқанда: "Баланың маңайында сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөзді естіп өскен бала өмір бойы былық былапыт тілді болады".

Меніңше, тіл мәдениетін қалыптастыру, сауатты сөйлеуге үйрену ең алдымен отбасынан басталады. Тілдің тазалығы – ой тазалығы. Айналадағы адамдар қаншалықты тартымды таза сөйлейтін болса, қоғамда тіл сауаттылығына соншалықты көңіл бөлініп, тіл тазалығы сақталатын болады.

Раушан НҰРЖАНОВА,
тіл маманы.



Ережені дұрыс білмегендіктен қосымша жалғанған кейбір сөздерді қате жазатындар бар. Мысалы, көркейе деген сөзді көркее деп жазады. Сондықтан, жиі кездесетін қателерге қатысты кейбір ережелерге тоқтала кетпекпін.

Ю өрпіне аяқталған сөздерге

дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда ю сақталады да, үш дауысты өріп қатар жазылады: баю+ы - баюы, кею+і - кеюі.

Айуан, хайуан, бейуақ деген сөздердегі й+у қосар өрпін ю өрпімен алмастырмай сол түрінде жазамыз.

У дыбысына аяқталатын

СӨЗ ТӨРКІНІНЕ ҮНІЛСЕК

Азамат - елін қорғар жасақшы

Азамат сөзінің ертедегі бір мағынасы "қару асып атқа мінітетін ер адам, жасақшы" дегенді білдірген. Қазақтың батырлар жырында да, лиро-эпостарында да, акын-жыраулар тілінде де азамат сөзі осы көрсетілген терминдік мәнде жұмсалған. Бұл мағынада шоралар, жігіттер сөздері азамат сөзімен синонимдік қатар түзеді де кейде тіркесе қолданылады:

Ей, азаматтар, шоралар,
Атты мінсең, зорды мін
(Ақтамберді жырау, XVIII ғ.).

Кейінгі XIX ғасырдағы Махамбет ақын да бұл сөздің өзіне дейінгі өлең-жырлардағы мағынасын алады:

Алқалаған жер болса,
Азамат басы құралса...

Өрине, "жасақшы, атқа қонған қарулы адам" мағынасы азамат сөзінің көп мағынасының бірі болар. Сірә, оның негізгі мағынасы, Шоқан Уәлиханов көрсеткендей, "кәмелетке келіп, еншісін алған, туыстарына тәуелсіз, үйлі-баранды адам" дегенді білдірсе керек. Ал оның "жасақшы" мағынасындағы семантикалық қозғалысы осы "кәмелетке келген, ешкімге тәуелсіз, бірақ елін, жерін, туыстарын қорғай алатын жасақшы, жауынгер" дегенге келіп ұласқан. Дәл осы мағыналық жылжу жігіттер және жолдастар сөздеріне де тән. Махамбет: "Қасыма ерген жолдастар, Жолдастарым, мұңайма!" – дейді ғой. Мұндағы жол-

етістіктерге -у жұрнағы жалғанғанда екі уу өрпі қатар жазылады: жүкті буу, қоянды қуу.

Я, ю өріптерінің алдынан естілетін ы, і дыбыстары да и өрпімен таңбаланады: тақия, дария, мия, қию, жию.

І, ы дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда қосар ій, ый өріптерінің орнына дара и өрпі жазылады: жібі+й(ді) - жібиді, ері+й(ді) - ериді, иі+и(ді) - ииді, тасы+й(ды) - тасиды.

Йы, йі дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, ый, ій өріптерінің орнына жалғыз и өрпі жазылады: байы+и(ды) - байиды, кейі+и - кейи берме.

Г.АХМЕТОВА,
тіл маманы.



Қару-жарақ атаулары

Жақ (оны қазақтар садақ деп те атайды), оның кіріс, адырна және оғы мен сауыттарының атаулары, садақ, сай кез оқ, қозыжаурын, сауытбұзар деген сөздер бүгінгі оқырмандарға біршама таныс. Ал, мылтық деген отты қарудың ертеректе қозыкөш, күлдірмамай/құлдырмамай, шамғал/самқал, жекеауыз, бірауыз, қанды-ауыз, желдіауыз, шиті, берен деген түрлері болған. Олардың көпшілігі бұл күнде ұмыт бола бастаған сөздер. "Ер Тарғын" жырында "жезайырдың оғы өтпес" деген өлең жолы бар, ал жезайыр – қарапайым мылтық. Шоқан Уәлиханов: "күлдірмамай деп аталатын мылтықты қазақтар өздері жасайды, оны құлдырмамай деп те атайды, сөз түбірі – құлдырау", ал шамғалды (самқалды) "ұзын, ауыр мылтық" деп түсіндіреді. Бердеңке сөзі де ескірген атаудың бірінен саналады.

Күнделікті тұрмыста болсын, үлкенді-кішілі ұрыс-шайқаста қарапайым қару ретіндегі құралдар да болған. Солардың бірі – келте/келтек сөздері. Қолына ұстап бір келтек, Айқайлайды жерді өртеп ("Қамбар батыр"). Келтек – "қолға ұстайтындай шағын (келте) етіп кесіп алған ағаш бұтағы". Кертартар – кәдімгі шоқпар емес, арнайы жасалған тістері бар шоқпардың түрі. Сота – сойыл сияқты ағаш қарудың мойынға асып жүретін бір түрі.

Қосарыңыз болса, хабарласыңыз. Білгеніңіз болса, бөлісіңіз. "Сөз әлемінде" кездескенше.


Бетті әзірлеген Мнауара ҚАБДРАХМЕТОВА

ТІЛАШАР

Қайсысы қалай дыбыстайды?

Бүркіт шаңқылдайды,
Қарға қарқылдайды.
Арыстан ақырады,
Өтеш шақырады.
Кірпі пысылдайды,
Жылан ысылдайды.
Құрбақа құрылдайды,
Шегіртке шырылдайды.
Ешкімді ешкім күндемейді,
Осылардың ішінде
Балық қана үндемейді.





● ЖАС САРБАЗ

Егемен елдің ҚОРҒАНЫ



"Жас сарбаз" айдарының кезекті қонағы – Қуат ӘНСАРЫ. Ол ҚР ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның №6697 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп жүр.

Қуат Алматы облысы, Көрбулақ ауданы, Шоқан ауылында

туып-өскен. Мереке қарсаңында ол "Жас сарбаз" айдары арқылы алыстағы ата-анасына, туған-туыстары мен сыныптас достарына сәлем жолдайды.

Әр азаматтың басты борышы қай кезде болмасын Отанын қорғауға дайын болу. Ал, әскер жігітті ең алдымен төзімділікке, шыдамдылыққа, темірдей тәртіпке үйретеді. Әскерге келу әрбір жігіттің Отан алдындағы парызы. Сондықтан, Қуат та жауынгерлік қызметте үлгілі сарбаз болып жүргенін мақтан тұтады.

– Сарбаз болу әр жігітке жарасады. Өз басым Отан алдындағы борышымды өтеп жүргенімді мақтан тұтамын. Өйткені, әскерге елімнің, жерімнің қорғаны болу үшін келдім ғой. Болашақта да осы жолда қызмет етсем деймін. Ертең біз үшін ерекше мейрам – Отан қорғаушылар күні. Ержүрек және жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін, – дейді жас сарбаз Қуат Әнсары.

Отан қорғаушылар күнін атап өтесіз бе?



1992 жылы 7 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Дәл осы күн Отан қорғаушылар күні деп аталып, ел көлемінде ер азаматтар мерекесі болып қалыптасты. Тәуелсіздік сарбаздары бүгіндері сол мерекені қалай атап өтеді екен?



**Олжас
РАУЫЛ,
ҚМУ студенті:**

– Мен ес білгелі ұлдардың мейрамы бұл – 7-мамыр. Мектеп оқып жүргенде бізге солай үйретті. Сегізінші наурыз мерекесімен бір деңгейде атап өтетінбіз. Түрлі іс-шаралар өтетін. Ал, қазір қалаға келгелі осы мейрам сезілмейді. Неге екенін білмеймін. Біразы 23-ші ақпанда тойлайды. Дегенмен, өзім мамыр мерекесін құптаймын. Сол себепті, барлық аға-інілерімді алдағы мейрамдарымен шын жүректен құттықтағым келеді!

**Ерболат ҚҰРМАШ,
ҚИНЭУ студенті:**



– Әлбетте атап өтемін. Өзіммен бірге оқитын қыздар дайындалып, сыйлық жасайды. Сол күні құттықтау хаттар мен жылы лебіздер естимін. Мерекелік көңіл-күй сезіліп тұрады. Ең бастысы, бұл – өзіміздің, Тәуелсіз ел жігіттерінің мейрамы.

**Дархан
ӘБӘЙДІЛДӘ,
қала тұрғы-
ны:**



– Біз бала кезден бері 23 ақпан күнін ер-азаматтар мерекесі деп білдік. Бүгіндері де құрдастарым сол күні хабарласып, бір-бірімізді құттықтаймыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен әскерде болдым. Ол кезде Отан қорғаушылар күні енді ғана енгізілген. Сол уақытта атап өтетінбіз. Содан бері жігіттер қыздарды басып озып, екі мейрамды еншілеп алдық.

**Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ,
оператор:**



– Ел болып, еңсемізді түзегелі меншікті мерекелерімізді тойлаған жөн. Халықтың тыныштығын ойлаған ерлерді әспеттеп, құрметтеген дұрыс. Сол себепті барынша ел болып атап өту заңды. Осы мереке арқылы өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиет пайда болады. Әскериге көрсетілген құрметке болашақ Отан қорғаушылар да еліктейді. Сондықтан, 7-ші мамырдың маңызы мен үшін зор.

Кенже бала

Бейімбет Әбдібеков отбасының кенжесі. Қара шаңыраққа ие болып отырған жігіт. Кенже балаға жүктелетін міндетті адал атқарып, әкесінің ісін дөңгелентіп отыр. Әкесі Мұхтар мен анасы Мәдина кезінде қойшы болған, мал бағып, еңбек еткен кісілер. Қазір әке-шеше құрметті демалыста. Ал, шопан таяғы баласына табысталды.

Бейімбет жас болса да шаруаға епті. Қолға алған он жылқыны бүгінде жүзге жеткізді. Қысы-жазы бие сауып, балдай сусынды сатып, кәсіп қылуда. Тұрақты тапсырыс берушілері де жеткілікті. Ешқайсысынан жаман сөз естіп көрген емес. Тек мадақтау. Осының бәрі келіншегі Құндызай екеуінің еңбегі.

– Қымыз өндірумен 2009 жылдан бері тұрақты айналысып келеміз. Еңбегіміздің жемісін көріп жатырмыз. Шүкіршілік етеміз. Өзіміз Жданов ауылының маңындағы шағын ғана Аққабак ауылында шаруашылығымызды дөңгелетудеміз. Бірнеше адамға жұмыс та табылған. Бірақ қазір ауылда ешкім де еңбектенгісі келмейді. Бейнетінен қашады. Мен мысалы 70 мың теңге жалақыға малшы таба алмадым ауылдан. Мал баққанша қалада күзетші болғанды қалайды. Жанның тыныштығына үйреніп алған. Ал ауыл еңбектене білген жан үшін алтын бесік. Ешқашан несиеге де қол созбадық. Бірді-бірге ұқсатып, жаратып келеміз. Алда жоспар өте көп, – дейді Бейімбет.

Ауылда құр бос жүрген жігіттер қаншама. Қолда бар малды бағып, ұқсата алмай отырғандар да жеткілікті. Күн құрғатпай редакцияға қымызын арқалап келетін Бейімбеттей жігіттердің ертеңгі күні жарқын болары сөзсіз.





Бетті дайындаған Қымбат ДОСЖАНОВА



– Этностильге деген көзқарасыңыз қандай?


– Еуропалық стильдегі киім біздің халқымыздың менталитетіне жат. Бұрын кіндігін ашып, қысқа етек көйлек киетін қыздарды көп көретінбіз. Қазіргі жағдай тым басқа. Әркім мәдениетті киінуге тырысады. Біздің ательеге жастар мен орта жастағы адамдар көп келеді. Өзім бренд кұмаймын. Қазақстандық дизайнерлерді үлгі тұтамын. Құралай Нұрқаділова, Берік Исмаилов сияқты дизайнерлердің қолынан шыққан киімдерге көңілім толады. Өзімізде бар затты шетелден іздеп не қыламыз?!

Ауызбен орақ орғанша, іспен көрсету керек. Этностильді дамытуды қызымнан бастадым. Оның есімі – Айжан. Алматы қаласында дәстүрлі ән мамандығының 1-курсында оқиды. Мамандығына сай, заманауи, қазақы нақышта киіндіруге тырысамын. Оның барлық киімін мен тігемін. Бақай етек болмаса да, ұзындығы тізеден төмен көйлек киеді. Дене бітіміне жабысып тұратын, тар, ашық-шашық киімге қарсымын. Қазір көптеген адамдар ұлттық стильдің бір элементі бар киімді кигісі келеді. Мені қуантатын жағдай сол.

Елімізде "Қазақстанда жасалған" акциясы жүріп жатыр. Сондықтан этностильдегі киімдерді сататын дүкен ашуды армандаймын. Бірақ, біздің ательенің ашылғанына бір-ақ жыл болды. Үлкен жұмысқа кірісу үшін бизнес жоспар мықты болу керек. Көпшілікке ұсынатын тауар сұранысқа сай болғаны жөн. Этностильдегі киімнің өтімді боларына соңғы жылдары өбден көзім жетті. Бірақ Қазақстаннан мата табу қиын. Қазіргі қолданып жүрген мата Ресейден, Қырғыз-

станнан келеді. Біздің ақшамыз неге шетелге кетуі керек? Матаның бәрі өзіміздің елімізде дайындалса ғой деп армандаймын.

Қазір еуропалық киім стилімен ешкімді таң қалдыра алмайсыз. Қостанай қаласы республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда орыстанған. Ұлтыңа жаның ашиды. Сондықтан этностильді таңдадым. Киімнің өзі адамға әсер етеді. Адам ана тілін



білмесе де, қазақы үлгідегі киім киіп жүрсе деген ой келді.

– Қыздар арасында қандай киімдерге сұраныс мол?

– Ұзын етектегі немесе тізеден төмен көйлектерге сұраныс жоғары. Қыз-келіншектер жабық киінуге тырысады. Қазақша, этностильдегі көйлектер өтімді болып тұр. Ою мен түсті адамның бет пішіміне, табиғатына үйлестіреміз. Оюдың өзі бірнеше топқа бөлінеді. Сондай-ақ текеметке, киімге, бас киімге салатын ою әртүрлі болады. Ою-өрнекті киімге жөн-жосықсыз сала бер-

Үздігін таңда

Сәнді киіну үшін бай болу міндетті емес. Ақшаны ақылмен жұмсап, өзіңізге жарасатын киімді таңдай білсеңіз болғаны. Ең бастысы, биік талғам, үйлесімділікті естен шығармаңыз.

Әр адам өзінше бір әлем. Әркімнің табиғаты да өзгеше. Оқырмандар арасында үздік образ, ерекше стильге байқау жариялап отырмыз. Үйлесімді киіне білесіз бе? Ендеше байқауға қатысыңыз! Фотосуреттерді мына электронды мекенжайда қабылдаймыз: kostanaytany@mail.ru

№8 қатысушымыз Ақтасова Гүлсезім Қаныбекқызы. Ол Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 4-курсында оқиды. Бос уақытында эскиздер (әртүрлі жанрда: портрет, киім үлгілері, логотиптер) жасағанды ұнатады. Болашақта сән индустриясы саласын таңдап, "мэйк-ап" жасаумен айналысқысы келеді.

– Киімнің көз келген стилі жақсы. Ең бастысы, ол адамның дене бітіміне дұрыс жарасымын тапса, көрер көзге тартымды көрінері сөзсіз. Өзіме классикалық стиль жақын. Соңғы кезде ислам стиліндегі киімдерге көңілім қатты ауып жүр, – дейді Гүлсезім Ақтасова.



Соңғы жылдары отандық сән индустриясында этностильге бетбұрыс байқалады. Баспанасын, көліктің жабдықтарын және киім-кешектерін этностильмен безендіру сөнге айналууда. Дизайндағы этностиль дегеніміз – ұлттық нақышты заманауи сән үлгісімен үйлестіре отырып қолдану. Яғни, қазақтың ою-өрнектерін немесе бір элементін пайдалану. Қостанай қаласында осы аталған стильде жұмыс істейтін "Тұмар" атты ателье бар. Жуырда тігін ательесінің дизайнері Балнұр Тұрғынбаевамен жүздесіп, сұхбаттасқан болатынбыз.

Көз үйренген, қол жаттыққан кәсіп

мейді. Әрқайсысының өз мағынасы бар. Біздің жерлесіміз, этнограф ғалым, жазушы, сатирик Сейіт Кенжеахметовтың кітабынан қарап отырып, оюлардың аттарын оқып, үйренудемін. "Әйел бақыты" деген ою бар екен. Оның өзін жақында ғана білдім. Әйел адамдардың киіміне көбінесе өсімдік тектес оюлар салынады.

Киімге ою-өрнек бекерден бекер салына бермейді. Мәселен, ұзатылған қыздың өзі кестелеген киіміне, оюына қарап, анасы баласының қайын жұрттағы тұрмыс жағдайын білген. Бұрынғының адамдары өздері өмір сүріп отырған жердің өсем табиғатын киімдеріне салуға тырысқан. Солтүстік облыста тұратын адамның киімінен оңтүстікте өсетін гүлдің суретін көрмейміз.

– Тігін ательесін ашу туралы идея қалай келді?

– Әжесінің баласы не істеуші еді? Әрине, әжесінен көріп өскен тірлікті жалғастырады. Өз әжем де, нағашы әжем де ісмер жандар болған. Қысы-жазы киіз басып, кілем тоқитын. Қазіргі әжелер сияқты сериал көрмейтін. Ауылдың бес алты әжесі жиналып алып, әңдетіп отырып, бір қыста бір кілемді тоқып шығатын. Оюларға қарап, қызығатынымын. Әженің баласы болған соң мені сол тігінге икемдей бастады. Басқа балалар сияқты таңнан кеш-

ке дейін ойын қуғаным жоқ. 13 жасымда өз әжем дүниеден өтті. Мен нағашы әжеме еліктей бастадым. Ол кісінің шеберлігі сондай менің қазіргі оқып, үйреніп жүрген технологиямды сол кездің өзінде меңгерген еді. Киімді тігу, адамның дене бітіміне сай етіп пішу оңай емес. Соның бәрін оқу барысында түсініп жатырмын. Нағашы әжем Бұлтан деген кісі былтыр 96 жасқа келіп қайтыс болды.

Киім тігу тұнып тұрған математика. Әжем есеп білмей-ақ, ешқандай формула жаттамай-ақ балаларына, немерелеріне сыртқы киімге дейін тігіп беретін.

Ісмерлік маған қанмен берілген қасиет шығар. Себебі, бұған дейін басқа мамандықтың иесі болғанмын. Мал шаруашылығының менеджменті мамандығы бойынша біраз жыл жұмыс істедім. Соңғы 4-5 жылдың көлемінде осы тігінге толық бет бұрдым. Өйткені, тігу деген ұнайды. Маған салса, күндіз-түні, 24 сағат бойы тігін тігуге бармын. Бұл іске кішкентай күнімнен көз үйренген, қол жаттыққан.

Ісмерлікке деген нақты қадамымды 8-сыныпта бастадым. Сол жылы өзіме арнап көйлек тігіп алдым. Киімнің сыртқы пішіні мен конструкциясын нақты білмесе де ұқсатуға тырыстым, әжелеріме ұқсауға тырыстым. Астана қаласында тұрғанымызда бала күтімімен үйде отырдым.

Бірде теледидар көріп отырып, іскер әйелдер қауымдастығының жарнамалық ролигін байқап қалдым. Аталған қауымдастық әйелдерге арнап кешкі мезгілде тігін тігуді тегін оқытады екен. Барып, мән жайды толық анықтадым. Осылайша бір ай бойы күніне екі сағат оқыдым. Бұл курс менің білсем деген ниетіме теңізге құйған тамшыдай болса да үлес қосты. Қостанай қаласына қайтадан көшіп келген жылы елімізде қайта оқыту немесе даярлауға арналған мемлекеттік бағдарлама басталып жатты. Жұмыспен қамту орталығында бағдарлама бойынша тігіншілердің үш айлық тегін курсы бітірдім. 2011 жылдың жазында курсты бітіргенімде, бірнеше жұмыс орындарын ұсынды. Тізімде Қостанайдағы белгілі "Сұлтан" ательесі бар. Бірақ онда тігінші емес, кестелеуші керек. Ательеге барып кесте машинасына отырдым. Сол жерде үш жыл жұмыс істедім. Тігін тігуге деген қызығушылығым сонда да басылған жоқ. Іштей жеп, мазалаған ой жеке ателье ашуға итермеледі. Ізденістің арқасында "Сұлтан" ательесінде бірге жұмыс істеген Самал есімді келіншек екеуміз қазіргі "Тұмар" ательесін аштық. Самалдың тәжірибесі маған қарағанда көп, он жеті жыл. Мен кестелеу, ою салуға жауап берсем, Самал киімді еуропалық стильмен үлгілеуді өз мойнына алды.



Өнердің шегі жоқ

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Облыс орталығындағы балалар шығармашылығы үйінде "Балалық шақтың шегі жоқ" атты балалардың шығармашылығына арналған фестиваль болып өтті. Осы фестивалдің ерекшелігі сол, оған тек қана өнерлі, талапты арнайы түзету мектептері мен мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілері, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және жетім балалар сол секілді мүмкіндігі шектеулі балалар қатысады. Сонау 2000 жылдан бері өткізіліп келе жатқан фестивальге облысымыздың талапты да талантты, өнерлі жоғарыда біз айтып өткен білім беру мекемелері мен интернаттарының балалары қатысып, өнер сахнасына шығып, облыс қана емес еліміздің бас қала-

сы Астанада да өнерлерін жұртшылыққа көрсетіп келеді.

Фестиваль басталмас бұрын ең алдымен балалардың қолөнеріне арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде не жоқ дейсіз, бәрі де бар. Майлы бояумен, акварельмен салған суреттер, тоқыма бұйымдар, қағаздан, моншақтан жасалған заттар, қолданбалы туындылар, көздің жауын алады.

Сахнада Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалаларындағы түзету мектептері мен мектеп-интернаттарының өнерлі тәрбиеленушілері, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және жетім балалар, сол секілді мүмкіндігі шектеулі балалар өн айтып, би биледі, саз аспаптарында ойнайды. Фестивальге үйде білім алатын сонымен бірге аутизм диагнозы бар және Дауна ауруымен ауыратын ба-



● "ФЕСТИВАЛЬ"

лалар да қатысты. Бәрі де өнерлі. Облыстық білім беру басқармасы мамандарының айтуынша, үстіміздегі жылғы фестиваль ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып, "Қазақ елі" деген тақырыппен өтіп отыр. Ең таңдаулылар Астана

қаласында өтетін республикалық "Жұлдызай – 2016" фестивалінің гала-концертіне қатысатын болады.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



Жұлделі оралды

**Хамитбек
МҰСАБАЕВ**

Биылғы жылдың наурыз айының аяғында Астана қаласында халықаралық "Ақ көгершін" фестивалі өткені белгілі.

Осы фестивальға біздің

ауданымыздан "Балдәурен" ансамблі қатысты. Оның жетекшісі музыка мектебінің директоры, күйші, композитор Кенжеболат Ахметов.

Фестивальда өнер көрсеткен Кенжеболат лауреат атанып, 1-ші дәрежелі дипломды жеңіп алды.

Жеке орындаушылар арасында Аружан Мұратова қобыз тартудан 1-ші дәрежелі дипломант атанды. Ал Айзере Сәлімжан домбыра тартудан 3-ші дәрежелі дипломант, Мереке Ағыбаева қобыз тартудан 3-ші дәрежелі лауреат атағын жеңіп алды. Сол сияқты, Назым Сауқымбаева "Үздік концертмейстер" атанды. Музыка мектебінің мұғалімі Әлім Мақсат Алғыс хат иеленді.

Осылайша, ауданымыздың өнерпаздары Халықаралық "Ақ көгершін" фестивалінен олжалы оралды.

Халықаралық фестивальдан мұндай табыспен оралу - ауданымыздағы балалар музыка мектебі ұстаздарының еселі еңбегінің жемісі екені анық.

Фестивальдан жеңімпаз болып жұлделі оралған өнерпаз балаларға алдағы уақытта да тың жетістіктер тілейміз.

СУРЕТТЕ: лауреаттар мен олардың ұстаздарының бір тобы.



"Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі"

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Қостанай қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрылымдық бөлімшесі, №6 "Южный" кітапхана филиалында "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы аясында "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" антологиясын насихаттауға арналған іс-шара өтті.

Қазақ күйлері – халқымыздың қастерлі ұлттық құндылықтарының бірі. Осы құндылықты өскелең ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырып отырмыз. Кешімізге оқырмандармен қатар Қостанай қаласындағы №19 орта мектебі мен "Озат" дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары мен ұстаздары қатысты. "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" жобасының жүзеге асырылуы ең алдымен ұлттық музыка тарихындағы елеулі оқиға деп бағалаймыз. Жинаққа енген күйлер мемлекеттік кинофотоқұжаттар, дыбыс жазбалар мұрағатынан, Қазақ радиосының "Алтын қорынан", дәулескер күйшілердің әр жылдары жазылған үнтаспаларынан, жеке архивтерден алынып, сұрыпталғаны белгілі. Халқымыздың мәңгілік рухани игілігіне айналған қымбат жәдігерлер – ұланғайыр күй

мұрасын толық жинақтап, келешекке аманаттау мақсатындағы алғашқы қадам, – деді кітапхана меңгерушісі Қымбат Сокурова.

Кеш барысында қазақ халқының күйшілік өнеріндегі айрықша тұлғалар Дина, Құрманғазы, Дәулеткерей, Ықылас, Қорқыт аталардың өмірі жайлы, сонымен қатар "жын шақыратын бақсы құралы" ретінде айыпталып, жойылып кете жаздап, қазақтың тірі рухы іспеттеніп қайта оралған қобыз туралы айтылды. Сол секілді кітапхана мамандары бейнекөрініс арқылы халқымыздың түрлі ұлттық аспаптары мәселен, сыбызғы, қобыз, сазсырнай жөнінде оқушыларға жан-жақты мәлімет беріп, күй үлгілері оқырмандар мен кеш қонақтарының назарына ұсынылды. Кешке Қостанай қаласындағы саз мектебінің оқушылары Нияз Бакиров, Альрами Алдабергенов, Тамерлан Меңдіғалиев "Ақжелең", "Балбырауын", "Көк ала ат" атты күйлерді орындады. Дарина Назарова Абайдың "Желсіз түнде жарық ай", Диана Жатекова Ахмет Жұбановтың "Қарлығаш" өндерін қобызда орындады. Іс-шараны кітапханашылар үш тілде өткізді. Халқымыздың ұлттық мұрасын дәріптеуге арналған кеш тартымды болды.

Сурет салуды үйретеді

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қостанай қаласындағы балаларға қосымша білім беретін өңірлік оқу-әдістемелік орталығында бейнелеу өнері студиясы бар. Онда балаларға сурет салуды үйретеді. Үйірмеге жазылу және қатысу тегін.

Балалар орталығындағы сурет үйірмесіне жазылу жыл сайын жүргізіледі. Мұнда жеті жастан бастап қабылдайды. Қатысушыларды бірнеше топтарға бөліп оқытады. "Радужная палитра" бейнелеу өнері студиясының балғындары Л.Толстой атындағы кітапханадағы іс-шараға қатысып, шеберлік сыныбын ұйымдастырды. Балалар гуашпен, түрлі-түсті қарындашпен, акварельмен сурет салу техникасын және қағаздан гүл жасаудың неше алуан әдіс-тәсілдерін көрсетті.

– Сурет салу техникасын балалардың өздері көрсеткені дұрыс. Мен бағыт-бағдар беріп отырамын. Біздің топта алты жастағы балалар да бар.



Келушілердің сурет салуға деген қызығушылығына, ынтасына қарап топтастырамыз, – деді "Радужная палитра" бейнелеу өнері студиясының оқытушысы Надежда Гузеева.

"Біз қайтып оралдық және енді кетпейміз"

Осы жылдың басында бастау алған MNP қызметі, нөмірді сақтай отырып, операторларды ауыстыру, телекоммуникация саласының корпоративтік клиенттерінің нарығын да қамтып отыр. Кейбір компаниялар байланыс пен сервистің жақсы сапасын алу мақсатымен өз операторларын ауыстыруда. Жаңа әріптестік әрдайым клиенттердің күткеніндей болмайды және бұрынғы өзара әрекеттестіктер табысты қалпына келтірілуде.

"КазТехноПоl Алматы" компаниясы өз бизнесін 2004 жылдан бастап жүргізіп келеді, ол "Yutong" компаниясының ресми дилері болып табылады және Yutong автобустарына кепілдікті қызмет көрсетуді жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстанға Fotop автобустарын жеткізумен және осы автобустарға сервистік қызмет көрсетумен айналысады. Компанияның қызметінің тағы бір бағыты — жол жөндеу техникасында пайдаланылатын "Cummins", "Yuchai" және "Weichai" қозғалтқыштарын сату, жөндеу, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету. Мұндай ауқымды жұмысты компанияның Рудный, Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында орналасқан бес филиалдарында 40-тан астам адам жүзеге асырады. Негізгі цехы Қостанай облысында Рудный қаласында орналасқан. Компанияның қызметкерлері жиі өз клиенттерінің техникаларына сервистік қызмет көрсетуге шығып тұрады, ал олар ENRC, "Қазақмыс", "ҚТЖ" секілді компаниялар. Жиі мұндай техникалар жолдарда болады, кейбір кездері шалғайда далада қалдырылып кетеді. Мұндай бизнес үшін ұялы байланыстың сапасы мен қамтуы өмірлік маңызы бар қажеттілікке айналып отыр. Көптеген қазақстандық компаниялар секілді "КазТехноПоl Алматы" MNP нөмірін ауыстыру қызметін пайдаланған, алайда 60 күн өткеннен кейін әртүрлі операторлардың жақсы және нашар жақтарын салыстыра отырып, "Кселл" компаниясына қайта оралды. Бұл компания үшін байланыстың сапасы мен қамту деңгейі мобильдік операторды таңдауда басты критерий болды.

"КазТехноПоl Алматы" директоры Ербол Тоғанасұлы Кауменов өзінің компаниясы үшін әрдайым байланыста болудың қаншалықты маңызды екендігі туралы айтып өтті.



Сіздің филиалдарыңыз Қазақстанның әртүрлі аймақтарында орналасқан, оларды басқару және клиенттерге сапалы қызмет көрсету үшін байланыс сіз үшін қаншалықты маңызды?

Біз үшін қамту деңгейі және сөйлесулердің ұзақтығы бойынша шектеулердің болмауы маңызды. Мысалы, атап айтқанда, "Кселл" компаниясы, бізде көптеген телефондар осы компанияға қосылған. Және басымдылықтары мыналар, бізде кредиттік жүйе, біз бірінші сөйлеміз, содан кейін айдың соңында төлейміз, бұл өте қолайлы және біздің сөйлесулеріміз шектелмеген. Бұл байланыстың

таралуы да аса жақсы. Біздің жіптер облыстарға шығады, қалалардан тысқары шалғай жерлерге барады және ауылдарда "Кселл" байланысы жақсы ұстайды. Міне осы артықшылықтары үшін және ең бастысы — байланыс сапасы үшін біз "Кселл" компаниясын таңдаймыз. Жақсы естіледі, жақсы дыбыс — бұл да жұмыста айтарлықтай орын алады.

Сіздер әртүрлі операторлармен жұмыс істедіңіздер, әйтсе де сіз MNP шеңберінде "Кселл" компаниясына тоқтадыңыз. Бұл немен байланысты?

Иә, біз MNP бағдарламасы бойынша "Кселл"-ден басқа операторларға кеткен едік, бірақ бізге оларда байланыс сапасы да, олардың таралуы да ұнамады, кредиттік жүйе жоқ. Яғни біз ол жерде мен сіздерге жоғарыда айтып өткен артықшылықтарды ала алмадық, оларда бұл артықшылықтар болмады. Біз енді кетпейтін боламыз деп ойлаймын.

MNP шеңберінде "Кселлге" нөмірді ауыстыру жеңіл болды ма?

Біз "Кселл"-ден басқа операторларға ауысқан кезде кідіртулер болды және "Кселл"-ге қайтадан ауысқан кезде шамамен 2-3 күнді алды. Жалпы біз ризамыз. Айтпақшы, мен басқа операторларға ауысқан кезде де мен өз нөмірімді қалдырған болатынымын және бұған қуаныштымын. Себебі басқа операторлармен проблемалар басталған кезде, "Кселл" мені әрдайым құтқарып отырды. Мен қаладан тысқары, тауда тұрамын және таудың өзінде "Кселл" жақсы ұстайды, мен әрдайым байланыста болдым, интернетке кіре алдым және қоршаған ортама әрдайым қол жетімді болдым.

Сіздер қазіргі кезде қандай тарифтік жоспарларды пайдаланып отырсыздар?

Біз "Карт Бланш" тарифтік жоспарына қосылдық, ол біздің бизнесіміз үшін өте қолайлы. Бізді қосылған минуттардың, смс саны қызықтырады, мұнда кредиттік жүйе бар және айдың аяғына төлеу мүмкіндігі берілген. Бұл біздің жұмысымыз үшін қажетті. Әрине байланыс сапасы да. Бәрі жеткілікті деңгейде жақсы және маған пайдаланушы ретінде де және компания директоры ретінде де, аса қолайлы. Менің отбасым толығымен осы оператордың желісіне қосылған. Біздің ұжым, бұл 40-тан аса адам, "Кселл" желісіне қосылған. Бізде осындай ортақ отбасылық корпоративтік байланысымыз бар деп айтуға болады.

Сіздің компания дамуын жалғастырып отырып, болашақта сіздің бизнестің дамуына себін тигізетін өзіңіздің мобильдік операторыңыздан қандай қызметтерді алғыңыз келеді?

Ең алдымен, бизнесмен ретінде және тұтынушы ретінде, маған қол жетімді бағада жақсы сапа қажет. Ал қазір сапасы өте жақсы, бірақ ол одан да жақсы болса. Жаңа технологиялық ағымдарды күтеміз. Міне менің тілегім осындай. Негізінде біз бөріне ризамыз. Әрине, біздің қызметкерлер шығатын кез келген жерде, кез келген тауда байланыстың ұстауы үшін желіні дамытуды жалғастыруды қалаймыз.



• ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Алтын ұя — Отан қымбат

Соғыс. Осы бір ауыз сөзде қаншама ызаар, салқындық бар. Соғыс деген сөзді естігенде жүрегі мұздамаған, көңіліне қаяу түспеген адам жоқ шығар. Қар жамылып, мұз жастанып, ұйқы мен күлкі көрмей өткізген 1418 күн ешқашан ұмытылмайды.

Сол кездегі Кеңестер Одағының құрамындағы Қазақстан халқы да бұл соғысқа қатынасып, қасық қандары қалғанша жаумен шайқасты. Қазақ өзінің батыр халық екенін тағы бір дәлелдеп шықты. Дүниежүзі халқы бостандық алды. Халық Отан деген ұғымның мағынасын терең түсінді. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлмдық, босқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті. Батыр аталарымыз сыйлаған бейбітшіліктің арқасында Ұлы Жеңістің 71 жылдығын қарсы алғалы отырмыз. Бұл Жеңіске біздің әулет те үлес қосты. Қалай дейсіз ғой?

Әулетіміз әке деп атап кеткен атамыз Әлиев Кеңарал Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Қызылжұлдыз ауылында 1907 жылы туған. Қария 2008 жылы 14 наурыз күні 101 жасына қараған шағында дүниеден өтті. Бала кезінде атамнан естіген әңгімелерімді сүйікті газетім "Қостанай таңы" арқылы оқырмандармен бөліскім келеді.

"Балаларым, біздің басымыздан талай қиыншылық өтті ғой. Мен еңбек етуді өте жастайымнан бастадым. Сонау Орск (Жаманқала), Қостанайға өзін арба, шанамен кіре тар-



тып азық тасыдық. 1933 жылы алғаш серіктестік құрып, аштықтан қырылғаннан қалған халықты бірге жиып топтастырдық, қолда барды бірігіп ұстадық. 1937 жылы Қостанайға 6 айлық курсқа барып оқыдым. Енді еңсемізді көтере бастағанда жауыз Гитлер соғыс ашып, елдегі азаматтар майданға аттанды. Мен де алғашқылардың бірі болып 1941 жылдың қараша айында әскерге шақырылдым. Бірден Сталинград түбіндегі жаяу әскер майданына қатыстым. Бірнеше рет қоршауда қалып, сол қала-



Қымбат ДОСЖАНОВА

Ұлы Отан соғысына қатысып, хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлер туралы деректер құн сайын табылып жатыр. Оның бәрі ізденістің арқасы. Жуырда Қостанай қаласында турып жатқан 74 жастағы анамыз Майра Исабаева 1904 жылы туған майдангер әкесі Исабаев Ташет Көбекұлының зиратын тапты.

Майдангердің зираты табылды

Исатай Көбекұлы 1904 жылы туған. 1942 жылдың 9 мамырында Меңдіқара ауданындағы әскери комиссариаттан әскерге шақырту алған. Бірнеше ай дайындықтан өтіп, соғысқа аттанады. Ол кезде жауынгердің жасы 37-де болатын. Артында үш баласы қалады. Олар: Майра — 7 жаста, Қантай — 4 жаста және кішісі Бақыт — 2 жаста. Өкінішке қарай, Бақыт Ташетқызы дүниеден өтті. Бұл күндері Қостанай қаласында тұрып жатқан Майра Исабаева соғыста хабарсыз кеткен әкесі туралы дерек іздестіре бастайды. 2016 жылдың сәуір айында Ерлан атты ұлынан әкесінің зиратын Ресей жерінен тапқандығы туралы қуанышты хабар алады. Сүйінші хабарды естіген қарт ана қалай шыдасын. Алыс жолға денсаулығы жарамайтын болған соң ұлы Ерланың Ресейге жібереді. Баласы көрші елге барып келісімен ет жақын туыстарын жинап, майдангердің басынан әкелген бір уыс топырақты оның жұбайы, Затобол ауылында жерленген Исабаева Құлшардың зиратына салып, құран оқытады. Алыс-жақындағы туған-туыстар жиылып, Қостанай қаласындағы мешітте ас береді. Осы бір зыбратты іс-шараға Майранның сіңлісі Қантай Ресей жерінен қыздарымен, күйеу баласы және немерелерімен бірге келіп қатысты.

Ерлан Жанақаев нағашы атасының зиратын қалай тапқаны және зират басына топырақ салғаны жай-

лы айтып берген еді. Ерлан атасын іздеуді Қостанай облысы Меңдіқара ауданынан бастаған. Сол ізденістің арқасында майдангер Исабаев Ташет Көбекұлының 1942 жылдың 9 мамырында әскерге шақыртылғанын анықтады. Тіркеу бөлімінде соғыс жылдары, 1942-1950жж. қаза тапқан және хабарсыз кеткен кісілер туралы түбіртек сақталған. Исабаев Ташеттің жеке түбіртегі оның жұбайы Құлшарға жеке табысталған болатын. Одан әрі іздеу жұмыстарын ғаламтор желісімен жалғастырады. Қолда бар дерек бойынша ғаламтор желісінен "Біріктірілген Мемориал деректер базасы" сайтынан атасы туралы мәлімет алады. Содан соң Ресей Федерациясының орталық архивіне сұраныс жібереді. Архивтен атамның № 1264 атқыштар полкінде, №380 атқыштар дивизиясында соғысып, Калинин облысы Ржев ауданында жерленгені туралы хабар келеді. 2016 жылдың 30 наурызында Ерлан Исаев кезекті демалысына шығып, атасының зиратын білу мақсатында Мәскеу қаласына сапар шегеді. Ресейдің Подольск қаласы орталық архивіне және тікелей Ржев қаласына барады.

Қостанайдан барған жолаушыны Ржев қаласының тұрғындары жылы шыраймен қарсы алады. Осы жерде, Ерлан Жанақаев барлық туыстарының атынан Тверь облысы Ржев ауданы Ржев қаласы бойынша әскери ко-

ны азат еттік. Қатты шабуыл кезінде қолымнан жараланып госпитальға түстім. Бұл 1943 жылдың ақпан айы болатын. Ерлігім бағаланып, бірнеше медальдармен марапатталдым." Бұл атамның көзі тірісінде айтқан естелігі еді.

Менің майдангер атам Әлиев Кеңарал соғыс даласында жараланып, уақытша елге жіберілді. Келген бетте жұмысқа араласып кетеді. Алғашқы жылдары қой фермасына басқарма етіп жіберді. Ұзақ жылғы еңбегінің арқасында 1946 жылы "Қызылжұлдыз" орденімен, "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен марапатталды. Содан кейін бірнеше колхоздарға басқарма, ауыл шаруашылық маманы болды. Еңбегін үкімет пен партия зор бағалады. 1943 жылдан коммунист болды. Қазақстанның IX съездіне делегат болып қатысты. "Қызылжұлдыз", "Құрмет белгісі", "Ұлы Отан соғысы" ордендерімен бірнеше медаль, мақтау қағаздарымен марапатталды. Ер еңбегі бағаланып, 1967 жылдан құрметті демалысқа шығады. Ардагер екі ұлынан тараған немере, шөберелерінің қызығын көріп, бақиға аттанғанша елдің тыныштығын тілеп өтті. Атамның әрбір әңгімесінен адам үшін алтын ұя — Отан қымбат екенін көкейіме түйіп өстім.

Балым ОСПАНОВА,
Дм.Карбышев атындағы
№14 орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.

Рудный қаласы.



миссариатының басшысы Шумар Игорь Ивановичке ерекше алыс білдіретінін айтты. Сондай-ақ, қатардағы жауынгерлерді есепке алу маманы Степанова Лидия Ивановнаға, Ржев ауданының басшысы Румянцев Валерий Михайловичке де ризашылық сезімін білдіреді. Бұл кісі 2016 жылдың 4-сәуірінде қызметтік машина бөліп, арнайы көмекшілерін қосып, Ржев ауданы Бахмутов ауылында қайта жерленген майдангер Исабаев Ташет Көбекұлының басына баруға септігін тигізген.

— Соғыс басталған жылы мен әлі бала едім. Дәл осындай мамыр айының басында әкемнің арбаға мініп алып, кетіп бара жатқаны көз алдымда. Сол кеткеннен қайтып оралмады. Шұбаркөлде соғыс алды әскери даярлығынан өтіп жүрген кезінде үйге үзбей хат жазып тұратын. Кейін ондай хаттар да келмейтін болды. Осы оқиғаны балаларыма жиі айтып отыратын едім. Балам Ерлан үлкен жақсылық жасап, әкемнің жатқан жерінен бір уыс топырақ алып келді. Ол өзі әкесі мен атасының жолын қуып, әскери қызметті таңдады. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің қорғаны болып жүргені үшін баламды мақтан тұтамын, — деді майдангердің қызы Майра Исабаева.

СУРЕТТЕ: ҰОС-ның ардагері Исабаев Ташет Көбекұлы.

Сенбілікке түгел қатысайық!

Құрметті қостанайлықтар!

Санитарлық тазалық және аумақты көркейту жөніндегі екі айлықтың шеңберінде 6 мамырда мереке қарсаңындағы **жалпықалалық сенбіліктер** өткізілмек. Сенбіліктер сағат 14.00-де басталады.

Барлық салалар мен меншік нысанындағы кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың еңбек ұжымдарын, жалпы білім беретін, орта және жоғары оқу орындарының басшылары мен оқушыларын, көп пәтерлі үйлер мен жеке үйлер тұрғындарын экологиялық іс-шараға сенбілікке шақырамыз. Сенбіліктер сағат 14.00-де басталады.

Қостанай қаласының әкімдігі.



ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Отан қорғаушылар күні және Жеңіс күніне арналған қалалық іс-шаралар жоспары

Іс-шараның атауы	Өткізілетін уақыты	Өткізілетін орны
"Отанға қызмет етеміз" әскери-патриоттық клубтардың қатысуымен мерекелік бағдарлама	7 мамыр сағат 15.00	Сити-орталық
"Ер – елінің тірегі" жастарға арналған тақырыптық кеш	7 мамыр сағат 19.30	"Демалыс орталығы" МКҚК 1 филиалы 2-Қостанай
"Мәңгі өлмес полк" азаматтық-патриоттық акциясы	9 мамыр сағат 10.00	Облыстық әкімдік алдындағы алаң
ҰОС жылдары қаза тапқан қостанайлық жауынгерлер Мемориалына гүл шоқтарын қою	9 мамыр сағат 11.00	Жеңіс саябағы
"Ол күндердің өшпес даңқы" ҰОС жылдары қаза тапқан қостанайлық жауынгерлерді еске алуға арналған митинг	9 мамыр сағат 11.00	Жеңіс саябағы
"Ер есімі – ел есінде" Жеңіс күніне арналған концерттік бағдарламалар	9 мамыр сағат 11.30-13.30	Жеңіс саябағы
"Қандай тәтті солдат ботқасы" гармоньшы-баяншылардың қатысуымен әскери-дала кухняларының жұмысы	9 мамыр сағат 12.20	Жеңіс саябағы
Мерекелік сауда	9 мамыр сағат 9.00-15.00 сағат 9.00-22.00	Жеңіс саябағы
"Ұлы шайқастар мен жорықтар әндері" үрлемелі аспаптар оркестрінің мерекелік бағдарламасы	9 мамыр сағат 19.00	Сити-орталық
Оқушылар, студент жастар және спорт ардагерлерінің қатысуымен жеңілатлетикалық жартылай марафон	9 мамыр сағат 9.00	Жеңіс саябағы

Ұлы педагог, ағартушы Ы. Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуын мерекелеуге арналған 2016 жылғы 9-15 мамыр кезеңдегі іс-шаралар тізбесі

№	Іс-шараның атауы	Өткізу орны	Өткізу күні мен уақыты	Байланыс ақпараты
1.	"Ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің ескерткіш орындары бойынша" саяхат	Қостанай ауданы, Тобыл өзенінің жағасы	бір апта ішінде сағат 10.00-16.00	Нұржанова А.Ж., 54-58-17
2.	"Қостанай жерінің абыройы" экспозициялық залында Ы.Алтынсариннің мемориалдық кешені бойынша саяхат	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы (Алтынсарин көш., 115)	бір апта ішінде сағат 10.00-17.00	Әкімбаева Ү.Б., 50-11-13

Қостанай облысының 80 жылдығын мерекелеуге арналған 2016 жылғы 9-15 мамыр кезеңдегі іс-шаралар тізбесі

№	Іс-шараның атауы	Өткізу орны	Өткізу күні мен уақыты	Байланыс ақпараты
1.	"Рудный перинаталдық орталығының тарихы - Қостанай облысы тарихының бір бөлігі" фото-көрмесі	Рудный перинаталдық орталығы	04.05 - 20.05	Әкімшілік 8(71431)55302
2.	"Ұлы Отан соғысы жылдардағы Қостанай облысы" мұражай экспозициясы бойынша виртуалдық саяхат	Қостанай қаласының білім беру ұйымы	бір апта ішінде, 10.00-17.00 с.	Әкімбаева Ү.Б., 50-11-13
3.	"Қостанай облысы: үміт және қайта жаңғырту мұражайлық залының тұрақты экспозициясы бойынша саяхат	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы (Алтынсарин көш., 115)	бір апта ішінде, 10.00-17.00 с.	Әкімбаева Ү.Б., 50-11-13
4.	"Қостанай облысы: кеше, бүгін, ертең" көшпелі фотодокументалды көрмесі бойынша саяхат	Қостанай қаласының білім беру ұйымы	бір апта ішінде, 10.00-16.00 с.	Әкімбаева Ү.Б., 50-11-13
5.	Медициналық қызметкерлердің спартакиадасы	Сити-орталық Қостанай қ.	9.05. 19.00 с.	Науменова Р.М. 39-20-90
6.	ҰОС ардагерлерінің жеке тектік архив құжаттарының "Сохраним память навечно" тақырыптық экспозициясы	Ұзыкөл а. Ұзыкөл аудандық мемлекеттік мұрағаты	11.05. 11.00 с.	Ұзыкөл аудандық мемлекеттік мұрағаты Ташенова А.Т. 8-714-44-2-42-43
7.	"Мой край родной" тақырыптық экскурсиясы	Қарабалық а. Қарабалық аудандық мемлекеттік мұрағаты	12.05. 14.00 с.	Қарабалық аудандық мемлекеттік мұрағаты Озирная Е.Н. 8-714-41-3-35-31
8.	"Жітіқара - көп өнеркәсібінің даңқты қаласы" уақытша көрмесі	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы (Алтынсарин көш., 115)	12.05.2016 ж., 15.00 с.	Әкімбаева Ү.Б., 50-11-13

● СТАТИСТИКАҒА ЖҮГІНСЕК

Тұтыну бағалары

Инфляцияның жалпы деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі 2016 жылғы сәуірде 2015 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 103,2% құрады.

Жыл басынан азық-түлік тауарларына бағалар 2,4% көтерілді; азық-түлік емес тауарларға бағалар 2,3% жоғары болды; ақылы қызметтер көрсетуде бағалар мен тарифтер 5,0% өсті.

Азық-түлік тауарлары

Қант 12,8%, алкогольсіз су-сындар – 7,3%, жемістер және көкөністер – 6,1%, нан-тоқаш өнімдері және жармалар – 3,4%,

май және тоң майлар – 2,2%, балық және теңіз өнімдері – 1,4%, алкогольдік ішімдіктер – 1,1%, сүт өнімдері – 0,1% қымбаттады, жұмыртқа – 7,9% арзандады.

Темекі өнімдері 2,4% қымбат болды.

Азық-түлік емес тауарлар

Бағаның жоғарлауы фармацевтикалық өнімге (9,3%), ұзақ пайдаланылмайтын тұрмыстық тауарларға (5,5%), үй тұрмысы-

на қажетті заттар, тұрмыстық техника және тұрғын үйге ағымдағы қызмет көрсетуге (3,4%), киім мен аяқ киімге (1,6%) болды.

Жанармай 0,8% қымбат болды.

Ақылы қызметтер көрсету

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінен суық су 26,9%, орталықтан жылыту – 24,3%, көріз – 20,3%, электр энергиясы – 3,7%, ыстық су – 1,2%, қоқыс жинау – 0,1% қымбат болды. Сақтандыру, құқықтық қызметтері 7,0%-дан, жолаушылар көлігі – 1,9%, байланыс – 0,7% қымбаттады.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Жанкелдин ауданында тұратын сүйікті немерем **Ыбырайқызы Райханды** 10 мамырда 13 мүшел жасқа толуымен құттықтаймыз!

Жүгіріп келіп, маңдайыңнан иіскеткеніңнің өзі мен үшін үлкен қуаныш. "Атам менікі" деген тәтті тіліңнен айналды. Енді міне, алғашқы мүшелге толып, азамат болып, ержетіп келе жатқаныңа қуанамын. Оқушының алды, ата-анаңның қолқанаты, соңыңнан ерген бөпелеріңнің қамқор апасы бол. Алға қойған арман-мақсаттарың орындалып, биіктерден көрініп, ғұмырлы болып, бақытты өмір сүруңді бір Алладан тілеймін. Тілегіміз қабыл болып, сенің бақытты өміріңді көруді Алла жазсын.

Ізгі тілекпен: атаң – Төлеу қажы мен әжең Кәмеш, тәтелерің – Ботакөз, Баян.



"Ағаш отырғызу" акциясы басталды

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

"ССКӨБ" АҚ-да көктемгі ағаш отырғызу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге 3 млн. теңге қаражат бөлініп отыр. Бұл қаражатқа пирамидалық терек, қарағаш, алма ағашы, татар үйеңкісі, сондай-ақ хош иісті мамырғұл мен итмұрын бұталары сатып алынды. Жасыл желектің негізгі отырғызылатын аумағы ретінде Оңтүстік-Сарыбай кенішінің санитарлық-қорғау зонасы белгіленді. Өсімдіктердің қалған бөлігі Железородный стансасының тұрғын үй массивінде орын тебетін болады.

– Бірлестіктің барлық бөлімшелерінде экологияны жақсарту мәселесіне ерекше назар аударылады, – дейді "ССКӨБ" АҚ Экология және жер қой-науын пайдалану департаментінің басшысы Ерболат Көппаев. – 2005 жылдан бастап қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі енгізіліп, табысты жұмыс істеп келеді. 2014 жылы "Парыз" республикалық конкурсында "Экологияға қосқан үлесі үшін" номинациясын иеленуіміз – осы жұмысымыздың жемісі. Сол жылы кәсіпорын жұмыскерлерінің күшімен 10 мыңнан астам пирамидалық терек, шегіршін, қайың, шырша, қарағай мен бұталар отырғызылған болатын.

Іс-шараға барлық бөлімшелердің жұмыскерлері белсенділікпен қатысуда.

– Біз өміріміздің көп бөлігін осы жерде, яғни "екінші үйімізде" өткіземіз. Сондықтан оны таза ұстап, гүлдендіріп, өзімізге жайлы еткеннен ұтарымыз көп, – дейді кен алыбындағы фабрикалық кешеннің маманы Ғабит Сәлиев.

Ағаштарды отырғызу науқаны мамыр айының ортасына дейін жалғасады. Одан кейін осы жасыл желекті күтіп-бағу жұмыстарына кезек берілмек.

Рудный қаласы.

Еске алу

Кеше ғана ортамызда жарқырап жүрген жан өкеміз **Смағұлұлы Қуанышбектің (Түйебай)** дүниеден озғанына да бір жылдан астам уақыт болды. Анамызға адал жар, балаларына ардақты әке, немерелеріне сүйікті ата бола білген өкешім тірі болғанда, 10 мамырда 70 жасқа толар еді. Бірақ тағдырдың жазуына амал бар ма... Жүрегі кең, маңдайы ашық, мейірімді жан еді. Ешқашан дауыс көтермейтін, көп сөйлемейтін өкеміздің әрбір сөзі біз үшін өсиеттей болатын. Өзі жоқ болса да жүрегімізде жарқын бейнесі мәңгі сақталады.

Бір жыл өтті асқар тауым құлағалы,

Бір жыл өтті анам іздеп жылағалы.

Әр күніміз сағынышпен өткенімен

Жүрегіміз өкешім деп соғады әлі.

Тәрбиенді көріп өстім жасымнан,

Ешкім сендей сипамаған басымнан.

Түсіне алмай қалдым өке артыңда,

Кетуің де болды-ау бізге тосыннан.

Өкеміздің топырағы торқа, жаны жәннатта болғай!

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.

Сағынып еске аламыз

Бауырымыз **Қуандық Арысбекұлының** мына жарық дүниеден өткеніне биыл 15 тамызда бір жыл болады. Егер де көзі тірі болғанда биылғы жылдың 11 мамыр күні 36 жасқа келер еді. Бірімізге бала, ардақты аға, бауыр, сүйікті жар, асыл өке, жан-жолдас болған Арысбекұлы Қуандықты сағынышпен еске алып, бір Алламыз иманымен жарылқап, жұмағының төрінен орын берсін деген ниетпен дұға оқып отырамыз.

Бүгін бір жыл ашылды қайта жарамыз,

Жас кетті деп бұл өмірден ағамыз.

Еске алып бауыр еті езіліп,

Жылап отыр туыс бауыр, жарыңыз бен балаңыз.

Ажал деген Алла жазған азабың,

Жазмыштан озмыш жоқ дейді қазағым.

Бір Алламыз иманымен жарылқап,

Қайырын берсін артының тым жас қазаның.

Ағамыздың жатқан жері жайлы болсын,

Топырағы әрқашан торқа болсын.

Бағыштаған дұғамыз қабыл болып,

Жаны жәннатта, қабірі нұрға толсын.

Еске алушылар: Ата-анасы, балалары Алдияр, Айару, жары, бауырлары.



Қостанай облысы прокуратурасының басшылығы мен ұжымы Қостанай ауданының прокуроры Үнбитпаев Бауыржан Зақайұлына анасы **Мәриям Бексейітқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Қостанай облысы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасы" ММ ұжымы "Жанкелдин ауданының ішкі саясат бөлімі" ММ басшысы Әбішева Алма Сапарқызына **анасы Қатираның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шынықсаң, шымыр боласың!



ДОДА



“Қостанай таңының” спорт беті

Асық ату

Атқаны алшы түскен

Асық ату – ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, шаруашылық мүмкіндіктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының дені қой асығымен байланысты болып келеді. Бұл көнеден келе жатқан спорт түрі. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді. “Доданың” қонақжай шаңырағында ҚР асық ату федерациясы облыстық филиалының директоры Кәрішал Какашев сұхбат берген еді.

– Кәрішал Төлегенұлы, қазағы басым өзге өңірлерге қарағанда Қостанайда ұлттық спорт ойындары кенжелеп қалғаны жасырын емес. Ал, сіз асық ату ойынын дамытуға ерекше назар аударып келесіз. Бұған не түрткі болды?

– Мен Сарыкөл ауданында мектепте қызмет істеп жүргенде 1995 жылы Қостанайда асық атудан тұңғыш рет облыстық біріншілік өтті. Содан кейін арасы үзіліп қалды. Ол кезде аудандағы Барвин мектебінде директор болатынмын. Асық ойынына қызығушылығым оянғаны сонша, жүрген жерде асықтың үш түрін білгенімше насихаттауға тырыстым.

нирлерге барып жүргенде қол басай қалса, сол маңдағы ауылдарға барып, жергілікті балалармен асық ойнайтынмын. Сөйтіп, асық ату спорты туралы біраз мағлұмат жинап, келе-келе облыста Наурыз мерекесінде, институт ішілік шараларда жарыстар ұйымдастыра бастадым. О баста бұған ешкім аса мән бере қойған жоқ. Былайша айтқанда, “өз қазанымда өзім қайнауға тура келді”. Мұғалімдердің білімін жетілдіру семинарларына қатысқан уақытта да асық ату спортын дамыту туралы айтып жүрдім. Ол кезде облыстық жарыстар қазіргідей жиі ұйымдастырылмайтын.

– Осы ізденісіңізден қандай нәтиже шықты? Еңбегіңіз



Біздің анықтама

Асық – төрт түлік малдың тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал, жылқы асығы басқа пішінде болады.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (тәуекел сөзінен шыққан) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

Бүге (бүк түсіп жатуы) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шіре (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Тұрық – асықтың алшы не тәйке түсуі.

Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі.

Сомпы – асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі.

Табан – асықтың тәйке жағы.

Оңқай – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады.

Солақай – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ Сақа – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Сақа деп арқардың асығын атайды.

Құлжа – арқардың аталығының асығы

Жабайт – еліктің асығы

Шүкімайт – қозы мен лақтың асығы

публикалық фестиваль болды. Сонда “Шыр” ойынынан біз Қазақстан чемпионы атандық. Ал, 2012 жылы Астана қаласының туған күні қарсаңында өткен “Алтын сақа” турнирінде өз басым финалға дейін жеттім. Мүмкін, еруақтар қолдаған шығар. Мен өзі асықты бөлендей жақсы ойнай алмаймын. Бірақ, тоғызқұмалақ,

Қостанайда асық атудан тұңғыш рет ел біріншілігі өтті. Онда да бас жүлдені жеңіп алдық. Астанада өткен халықаралық турнирде Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан Ұлттық құрамалары қатысқан жарысқа жеке команда қостық. Міне, осы үлкен додада да біздің құрамымыз турнир жеңімпазы болды.



1998 жылы Қостанайға жұмыс ауыстырып, ҚМПИ дене шынықтыру факультетіне оқытушы болғаннан кейін, студенттерге үйрете бастадым. Алдында тоғызқұмалақ, дейбі ойындарынан өткен республикалық тур-

еш кеткен жоқ па?

– Әрине, кім-кімде болсын, еңбегің жемісін көргісі келеді. Бұл ретте, құдайға шүкір, елеулі табыстарымыз көп. Мәселен, 2011 жылы Өскемен қаласында тұңғыш рет рес-

Волейбол

Облыстық спартакиадаға жолдама алды

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай облыстық XXXI “Тың – 2016” спартакиадасының шеңберінде волейболдан Арқалықта өткен аймақтық іріктеу ойындарының нәтижесі белгілі болды. Атап айтқанда I-орынды ерлер арасында Арқалық қаласы, әйелдер арасында Лисаков қаласы жеңіп алды.

Жарыстың жалпы қорытындысы бойынша командалар мынадай орындарды иеленді:

Ерлер арасында:

- I орын – Арқалық қаласы
- II орын – Лисаков қаласы
- III орын – Денисов ауданы
- IV орын – Жанкелдин ауданы
- V орын – Аманкелді ауданы
- VI орын – Ұзынкөл ауданы.

Әйелдер арасында:

- I орын – Лисаков қаласы
- II орын – Денисов ауданы
- III орын – Арқалық қаласы
- IV орын – Жанкелдин ауданы
- V орын – Ұзынкөл ауданы
- VI орын – Аманкелді ауданы.

Еске сала кетсек, биылғы жылы волейболдан облыстық спартакиаданың аймақтық іріктеу ойындары үш аймақта – Қостанай, Жітіқара ауданы мен Арқалық қаласында ұйымдастырылды..

Жеңімпаз командалар алдағы тамыз айының 12-15 күндері аралығында Қостанайда өтетін облыстық спартакиада да жүлделі орындарды сарапқа салатын болады.



Шаршы тақтада кездесті

Қасқырбай

ҚОЙШЫМАНОВ

Қаладағы №2 мектепте мемлекеттік қызметкерлер арасында тоғызқұмалақтан жарыс өтті. Сайысқа жиырмадан астам мемлекеттік органдар мен өкімдік өкілдері қатысты.

Бірінші топта ерлер және екінші топта незік жандылар сынға түсті. Ерлер арасында бірінші орынға Қостанай ауданы, Жамбыл селолық өкімдігінің маманы Мәди Өтегенов ие

ментінің маманы Болат Байкин қорытындылады.

Әйелдер арасында облыстық білім беру басқармасының маманы Салтанат Базарбаева жүлделі бірінші орынға жайғасты. Екінші орынды облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің маманы Жұлдызай Жақанова алды, үшінші орынды облыс өкімдігінің қаржы басқармасы маманы Динара Момбаева місе тұтты.

– Тоғызқұмалақ – қазақ хал-

Былтыр жастар арасында Қазақстан чемпионаты ұйымдастырылған болатын. Мұнда да Қостанай облысының командасы жүлделі үшінші орынды жеңіп алды. Бұл Тобыл өңірінде ұмытылуға шақ қалған асық ату ойынының қарқынды дамып келе жатқанының жарқын бір мысалы. Соңғы жылдары асық ойыны Рудныйда, Қашар кентінде және Федоров ауданында мықтап қолға алынған. Шалғайдағы Жанкелдин, Аманкелді аудандарында да асық ойнайтын азаматтар баршылық, алайда, олар біздегі өтіп жатқан жарыстарға адам жібере қоймайды.

– Сіз, асық ойынының нағыз шебері деп кімдерді айта алар едіңіз?

– Бірең-сараң болса да ондай азаматтар жоқ емес. Олар ұлттық ойынымыздың нағыз хас шеберлері деп ауыз толтырып айтуға тиіспін. Мәселен, Серікбай Жиеналин ағамыз “Шыр” ойынынан Қазақстан чемпионы атанды. Сондай-ақ, Ұлттық құрамада өнер көрсететін Мұхтар Ахметовты, Асқар Досановты, әйелдер арасында алтынсариндік Жанар Сұлтанованы, рудныйлық Медет пен Дулат Әбдімұратовтарды атап өтуге болады. Мәселен, жақында Орал қаласында өткен республикалық екінші чемпионатта Жанар жекелеген есепте бірінші орынды иеленді.

– Негізі, ел ішінде асық ойынының қай түріне аса басымдық берілген?

– Қазір, республика бойынша негізгі үш түріне тоқталдық. Ол – бес табан, алшы және бес тас ойыны. “Бес тасты” тек қыздар ойнайды. “Шыр” ойынының ережесі күрделі болғандықтан біз көбінесе, “бес табанға” жете кеңіл бөліп отырмыз. Ал, енді “бес табанда” дәлдік, мергендік бірден білініп тұрады. Бұл ойында диаметрі төрт метр болатын шеңбердің ішіне он үш асық тігіледі. Соның жетеуін қағып түсірсеңіз, жеңіс сіздікі. Мұнда әр командадан үш-үш адамнан шығып, асықты иіріп атады. Жалпы, асық ойындарының түрі мыңнан асады.

– Облыс көлемінде асық ату ойындарын қолдап жүрген азамат бар ма?

– Бар. Облыстық мәслихаттың хатшысы Сайлаубек Ещанов өте ұлтжанды, патриот азамат. Биыл Наурыз мерекесі қарсаңында Ы.Алтынсариннің жүлдесі үшін республикалық турнир өткіздік. Сонда Сәкен өзі қалтасынан қаржы шығарып, демеуші болды.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

СУРЕТТЕ: ҚР асық ату федерациясы облыстық филиалының директоры Кәрішал Какашев; Қостанайда өткен асық ату жарысы.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Тоғызқұмалақ

қының көне заманнан келе жатқан ұлттық ойыны. Бұл ойын адамның бойындағы қысын және тапқырлық қабілеттерін анықтап қана қоймай, логикалық, математикалық және сабыр сақтау қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Облыстың түкпір-түкпірінен мамандар келіп, өзара мықтыны анықтады, – деді екінші орынға ие болған Диас Ахметжанов.

Жеңіске жеткендерге мақтау қағазы мен арнайы сыйлықтар берілді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстық департаменті, Қостанай қаласы өкімдігінің спорт жөне дене шынықтыру бөлімі мамандары бұл бастаманы дәстүрлі түрде жыл сайын өткізетінін жеткізді.



Бетті әзірлеген Айбек КӘДІРҰЛЫ



Шекарашы сарбаздар

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Сіз бен біздің бейбіт тірлігіміз бен түнгі ұйқымыздың тыныштығын күзетіп жүрген сарбаздардың бар екенін іштей сезетін шығарсыз. Иә, олар шекарашы сарбаздар. Қостанай қаласында ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметі Солтүстік өңірлік басқармасының штабы орналасқан. Аталған басқарманың міндеті – мемлекеттік шекараны сенімді күзету.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік өңірлік басқармасының Қостанайдағы штабының елуге жуық әскери қызметкері далада тәжірибелік шұғыл дайындығынан өтті. Әскерилер бронотехниканы жою, жауынгерлік гранаталарды қолданып, оны лақтыру, химия және бактериялық қарудан қорғаныс жасаудың тәсілдерін көрсетті. Мұның бәрін әскери қызметкерлер теория жүзінде оқып, үйренген болатын. Дайындық барысында теориялық білімдерін тәжірибеде қолданып, шеберлік алды. Сондай-ақ, жауынгерлік және кәсіби дайындықтарын көрсетті. Әскери қызметкерлердің арасында әйелдер де бар. Дайындық барысында жауынгер-



лерді ер немесе әйел деп бөлген жоқ. Тапсырма барлығына бірдей. Себебі, әскери міндет бәріне ортақ.

Жауынгерлердің шапшаңдығын атыс және дене шынықтыру даярлығының бастығы, подполковник Бауыржан Рахымбергенов қадағалап жүрді. Оның әскери қызметте жүргеніне биыл 18

мамандығын игерген.

Мектеп бітірген соң әскери оқуға бірнеше мәрте құжат тапсырады. Бірақ бұл таппыныстары нәтижесіз аяқтала береді. Қайсар жігіт алған бетінен таймай Алматыдағы әскери институтқа түседі. Осылайша армандаған оқуын аяқтап, Оңтүстік және Батыс Қазақстан облыстарында шекара қызметінде бірнеше жыл жұмыс істеді. 2014 жылдан бастап Қостанайға ауысып келген.

– Әскери қызметкер болу үшін адам психологиялық, моральдық, физикалық жағынан дайын болу керек. Егер жауынгер өз ісіне дайын болмаса шекара күзетіне кедергісін келтіреді. Жастар осы қызметке бала күнінен дайын болып келуі керек. Оның бәрі отбасы, ата-анадан басталады. Мұнда біз арнайы әскери тәрбие береміз. Қалғаны мектептен, ба-



жыл. Әскери адам болуды бала күнінен армандаған. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тумасы оқушы кезінен спортпен шұғылданып өсті. Есейе келе әскери қызметке деген құлшынысы одан әрі арта түскен. Отбасында әскери адам жоқ. Ата-анасы мен бауырлары мұғалім

лабақшадан басталады, – дейді подполковник Бауыржан Рахымбергенов.

СУРЕТТЕРДЕ: әскери дала дайындығынан көріністер.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Газеттің келесі саны 13 мамыр, жұма күні шығады.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
**ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергізіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.